Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен құқығын қорғау мәселесінде «Жылда дәстүрлі түрде 9-10 сынып оқушылары арасында оқушылар арасында сайлау алды жұмыстар жүргізіліп, көшбасшылық қабілеті бар оқушылары сайланып, мектептің қоғамдық жұмыстарына белсенді араласып келеді.

«Мектеп парламенті» ұйымының оқушылары «Ұстазыңды ұлықта ..» атты челленджін ұйымдастырды. Челленджге мектептің биылғы түлектері белсенді қатысып, ұстаздарға мерекелік құттықтауларын жолдады. Білім алушылардың 2022-2023 оқу жылдары рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандары ұйымдастырылып, білім алушылар қалалық, облыстық, конкурстарда жоғары нәтижелер көрсеткен.

Білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауатын күшейту бағытында мектеп жанынан қоғамдық негізде жұмыс істейтін үйірмелер ашылып, жұмыс жүргізіліп келеді. Үйірме жұмыстары жылдан жылға дамып, пайыздық өсімімен, жетістіктерімен нәтижесін көрсетті. Оқушы өзін дамытуда салауатты өмірді ұстанып, көркемдік тұрғыдан жетілдіріп, рухани байытуға сабақтан тыс уақыттарда шұғылдануына барлық мүмкіндіктерді жан жақты оңтайландырылған.

Әдістемелік бірлестіктің іс-шара жоспары бекітілген. Отырыстардың хаттамалары бар. Тәрбие сағаттары отырыстарда талқыланды. Оқушылардың тәрбие деңгейін анықтау жұмыстары бойынша мониторинг, диаграммалар жасалған. Көрсеткіші бойынша жоғарыға ілгерілеу байқалады. Іс тәжірибе алмасу, озық тәжірибелерді енгізу, ғылыми тұрғыда дамыту бағыты бойынша сынып жетекшілерінің жұмысы өзара тәрбие сағаттарына ену мен сынып жетекшілерінің отырысымен шектелген. Пән мұғалімдері өзара тәрбие сағаттарына оқушылардың тәртібін бақылау, тәжірибе алмасу мақсатында қатысып отырған.

Мектебіміздің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Н.Каленов "Сақ болыңдар,

балалар!" тақырыбында бастауыш сыныптар арасында ақпаратты - насихаттық жұмыстар жүргізді. Жас жол жүргіншілеріне, барлығымызға ортақ қойылған жолдағы тәртіпті бұзбаулары туралы айтылды.

8 қараша күні 3 сынып жетекшісі Д.Жолдасова және 4 сынып жетекшісі А.Алматова "Жол ережесін сақтайық!" атты тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: жолда жүру ережелерін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерінің неше түрі бар, оны білу не үшін қажет екенін түсіндірді.



Осы күні "Мектеп және театр" жобасы аясында Қ.Жукашованың ұйымдастыруымен "Үш аю" тақырыбында жоспарға сәйкес қойылым болып өтті. Оқушылар ертегі кейіпкерлерін сомдауға қайырымды жағын көрсетіп, белсенді араласып, өз өнерлерін ортаға салды.



9 қараша күні 6 сынып жетекшісі Г.Жолгелдиева "Адалдықты қалыптастырудың алты жолы" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: рухани құндылықтарды жоғары қоятын парасатты, саналы жастарды қалыптастыру.

14 қараша күні қазақ тілі пәнінің мұғалімі А.Нұрғазиева "Туған жерім" тақырыбында эссе жаздыру ұйымдастырды. Мақсаты: оқушыларға туған жерге, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру.

Осы күні Жасұланның жұлдызды жылы жылдық акциясы аясында тәлімгер Б.Бекмағанбетованың ұйымдастыруымен "Көңілді үзіліс" жоспарына сәйкес 3 сынып оқушыларына "Нейро" жаттығулары өткізілді.

Мектеп тәлімгері Б.Бекмағанбетова 8 - 9 сыныптар арасында оқушылардың ұйымшылдығын, қызығушылығын, арттыру, ой-өрісін кеңейтіп, күз мезгілінің сұлулығын сезіне білуге, оны аялай білу мақсатында "Күзгі кеш" тақырыбында балл ұйымдастырды.

Қ.Р. Президентінің жарлығымен 2022 жыл Балалар жылы деп жариялануына орай мектебімізде "Бала құқығы - адам құқығы" онкүндігі аясында іс - шаралар жоспарына сәйкес "Әр баланың құқығы бар" тақырыбында сурет байқауы болып

өтті.

16 қараша күні қосымша білім беру педагогы О.Ерімбетова ұйымдастыруымен 3 сынып оқушыларына сергіту сәтін өткізді. Мақсаты: оқушылардың бойына шығармашылық пен қызығушылығын арттыру.

Мектеп психологы П.Аманбаева "Балалық шағымның аспаны" атты тренинг ұйымдастырды.

17 қараша күні "Бала құқығы - адам құқығы" онкүндігіне орай 3 -4 сынып жетекшісі "Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбымен сынып сағатын өткізді. Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Маханова дүниежүзілік балалар күніне орай "Құқықтық мәдениет- дамыған өркениет" тақырыбында кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгез қарау және зорлық - зомбылық мәселелері бойынша түсіндіру мәселелері жүргізіліп, оқушыларға мектепте жасайтын сенім телефондары мен сенім жәшігі жайында, бала құқықтары мен міндеттері жайында мәліметтер беріліп өтті

Құқықтық тәрбие беру жоспары аясында мектебіміздің 5-11 сыныбында "Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ" атты тәрбие сағаты өткізілді. Адамның жаны мен тәніне ауыр соққы түсіретінін түсіндіру, зорлыққа қарсы заңға сәйкес өз құқықтарын қорғай білу мақсатында оқушылар сұрақтарға жауап беріп, түрлі тапсырмалар шешу арқылы ой бөлісті.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Үздік оқырман отбасы" байқауы болып өтті. Байқаудың мақсаты: ата - аналар мен балаларды сайысқа қатыстыра отырып, олардың халық ауыз әдебиетін, салт - дәстүрі туралы білімдерін байқау

Құқық бұзушылықтың алдын алуды түсіндірудің бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес арнайы сала мамандарымен кездесу өткізілді. Құқық бұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу бағытында ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аталмыш шараға учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Сагимбаев Нурсултан Фазылбекович қатысты.



Мектептің тәлімгері Б.Бекмағанбетованың ұйымдастыруымен "Жас ұланның жұлдызды жылы" жылдық акциясы аясында "Көңілді үзіліс" айдарына сәйкес "Тапқыр достар" атты сұрақ - жауап ойынын өткізді. Мақсаты: оқушылардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Ұлдар ұйымының жетекшісі А.Дәрібаев оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу, жеке бас гигиенасын сақтауға, дұрыс тамақтануға, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдануға, жаман әдеттерден сақтандыру, ішімдік

пен темекінің жас организмге зиянды екенін насихаттау

Мектебіміздің "Кәсіподақ" ұйымының жоспарына сәйкес "Жас Star батлы" атты сайыс болып өтті. Сайыс жоғары деңгейде өткізіліп, мектеп жастарының ұйымшылдығы мен белсенділігі көрінді.

6 желтоқсан күні «Мектеп және театр» жобасы аясында «Бауырсақ» ертегісінен қойылым болды. Оқушылардың ертегі әлеміне қызығушылығын қалыптастыру мақсатында кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету.

7 сынып жетекшісі Ғ.Нысанбаев 9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне орай «Сыбайлас жемқорлық-қоғамның өзекті мәселесі» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Бұл тақырып арқылы оқушыларға сыбайлас жемқорлық туралы жан-жақты мәлімет берді

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханашысы Г.Ермағанбетова ұйымдастыруымен "Үздік оқырман отбасы" тақырыбында 2 - 4 сыныптар арасында сайыс өткізді. Мақсаты: ата - аналармен балаларды сайысқа қатыстыра отырып, олардың халық ауыз әдебиеті, салт - дәстүрі туралы білімдерін байқау.

14 желтоқсан күні "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітап - жан азығы жығылғанда сүйеу болады, адасқанда тура жолға салады" дегендей мектебімізде 5 - 9 сынып оқушылары арасында "Бәріміз кітап оқимыз" тақырыбында сайыс өткізілді.

15 желтоқсан күні мектебімізде Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік - тұрағым, Тәуелсіздік - тұмарым" атты танымдық сағат өткізілді. Мақсаты: жас ұрпаққа тәуелсіздік ең басты құндылығымыз екенін осы тәуелсіздік арқасында қазақ елін ең мықты мемлекеттер танитындай, сыйлайтындай деңгейге жеткендігін ұғындыру.

Тәуелсіздік күніне орай еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету, елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу мақсатында 1-11 сынып арасында тәрбие сағаты өткізілді.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханашысы Г.Ермағанбетованың ұйымдастыруымен "Кім тапқыр?" тақырыбында сайыс өткізді. Мақсаты: рухани жан дүниемізді, білімімізді молайтып, үлгі - өнеге беретін ақылшы дос, білім көзі рухани қазына кітап әлеміне шолу. Желтоқсан айының 28-29 желтоқсан күндері Жаңа жылдық іс шаралар болып өтті.

"Аққыз" қыздар ұйымының жетекшісі Қ.Мейірманова "Махаббат өмір көркі" атты қыздар арасында пікірталас өткізді. Мақсаты: қыздарға махаббаттың достықтан, өзара түсінушіліктен, жалпы мақсаттардан, қызықтардан және Отанға шексіз, анаға риясыз ұмтылыстардан басталатындығын түсіндіру.

Қосымша білім беру педагогы О.Ерімбетованың ұйымдастыруымен "Ел ертеңі - бүгінгі мектепте" атты эрудиттер сайысын өткізді. Мақсаты: оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтіп, тіл байлығын, сөз қорларын молайту, логикалық ойлау қабілеттері мен шығармашылық қиялын дамыту. Туған тілімізді сүйуге, туған елін, жерін құрметтейтін саналы, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу.

23 - сәуір Дүниежүзілік кітап күніне орай "Өз әлемінді кітаппен өрнекте" тақырыбында видеоролигін назарларыңызға ұсынамыз.

Мақсаты: Кітап - адамның жан - дүниесінің асыл қазынасы, рухани байлықтың өлшемі. Сол рухани өлшем мен адам ақыл ойының ажырамас тұнығындай болып көрініс тапқан кітап

енді өзін оқыған пайдаланған адамға да қызмет ете отырып, сол жанды да рухани тұрғыдан байытады, білім - білігін ұштайды, сенімді артып, ажырамас досына айналады.

24 сәуір күні Н.Каленовпен Д.Ипатуровтың ұйымдастыруымен 4 сынып оқушылары арасында "Шынықсаң шымыр боласың" тақырыбында спорттық сайыс өткізді. Мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушылардың денсаулығын нығайту, спортқа деген қызығушылығын арттыру, топтық сайысқа, жылдамдыққа, икемділікке, күштілікке, төзімділікке баулу. Сайыс соңында жеңімпаздар анықталып, "Күншуақ" тобы І орын, "Жұлдыздар" тобы ІІ орын, "Қыран" тобы ІІІ орынды иеленді. Оқушыларға ынталандыру тәттілері таратылды.

Мектеп кітапханшысы Г.Ермағанбетова 1 - мамыр Бірлігі Жарасқан Ұлттар күніне орай "Бейбітшілік ел тірегі" тақырыбында 3 - 4 сыныптар арасында көрме ұйымдастырды.

Мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу. Ынтымаққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.

Г.Жолгелдиева "Бірлігі жарасқан" тақырыбында сурет сайысын өткізді. Мақсаты: Оқушыларға бейнелеу өнерінің қыр-сырын жан-жақты үйрету. Олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын кеңейту. Өнерді құрмет тұту, оған сүйіспеншілігін арттыру.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Г.Сәрсембаева мен А.Нұрғазиеваның ұйымдастыруымен 1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай "Береке бірлікте - ырыс ынтымақта" атты кеш өткізді.

Мақсаты: балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға атсалысатын азамат болуға тәрбиелеу.

Мамыр мерекелері мен Жеңіс күні қарсаңында қазақстандықтардың қатысуымен "Еркін ел ұрпағы" атты жалпыұлттық патриоттық диктант өткізілді. Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы ұрпақ тәрбиелеу.

А.Медеубаева мен тәлімгер Б.Бекмағанбетованың ұйымдастыруымен 9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне 78 жыл толуына орай "Батыр Мәншүк - 110 жаста" атты поэзия сағаты өткізілді.

Мақсаты: "Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды" деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңінен тануға баулу. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу.

"Сүйіспеншілік жүректе" тақырыбында 6 - 11 сынып оқушылары арасында эссе байқауы өтті. Мақсаты: оқушыларға қарым - қатынас жасаудың маңыздылығын түсіндіріп, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ұғындыру, адам өміріндегі мәнін түсіндіру, ана мен бала арасындағы қатынасты нығайту.

2023-2024 оқу жылы бойынша

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз - жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1.Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- 2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- 3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқор әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- 4.Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- 5.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары

бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;

- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі .

1 қыркүйек Білім әлеміндегі дәстүрлі мерекенің бастысы - Алғашқы қоңырау мерекесі «Мектебім-мерейлі мекенім», - ұранымен өтті.

Жиын мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған бүлдіршіндерімізді салтанатты түрде шақырылуымен басталды. Білім әлеміне 1 сынып оқушыларын сынып жетекшісі К.Мұстафаева бастап шығарды.

Мектеп директоры А.Н.Алиев алғашқы мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерді құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Алғашқы қоңырау соғылып, балғын балалықпен қоштасып, мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған 1 сынып оқушылары мен алғашқы ұстаздарын қошеметпен алғашқы сабаққа шығырып салдық.

Жиын соңында «Мектебім-мерейлі мекенім», «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт», - тақыптарында бірыңғай сынып сағатырына шақырылды. Сынып

сағатының мақсаты: білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.

Қай кезеңде де қазақстандық қоғамда білім құндылығы жоғары дәріптелген. XIX ғасырдың II жартысында ағартушы Ыбырай Алтынсарин балаларды оқу - ілімге шақырды. Оның «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінде жастарды білім алуға шақырып, оқу, өнер, ғылым – білімнің жалпы халық үшін даму жолы екендігін насихаттайды.

XX ғасырдың 20 - 30 жылдарындағы балалардың сауатты болуына, білім алуына үлес қосқан ағартушы – ұстаз Ахмет Байтұрсынов білім арқылы ұлт мәдениетін көтеруге және тіл тазалығын сақтауға ден қойды. Ол «мұғалім балаға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі, баланың табиғатын біліп, оның көңіл сарайын танитын болуы, баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі хәлінен хабар болуы керектігін» тұжырымдаған.

Осы орайда мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1 сынып оқушыларына сынып жетекшісі К.Мұстафаева "Мектебім- мейірім мекені" тақырыбында тәрбие сағатын өтті. Тәрбие сағаты барысында мектеп директоры А.Н.Алиев оқушыларды құттықтап, жаңа басқан



қадамдарына сәттілік тіледі.



Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Маханова мектеп медбикесі Б.Уалиеваның қатысуымен оқушылардың құқықтық білімдері және заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру мақсатында жиналыс өткізілді. Жасөспірімдерді қылмыстық әрекеттерден бойларын аулақ ұстауға шақырды. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс жасау бүгінгі қоғамның күн тәртібінен түспейтін түйткілді мәселе екендігі туралы түсінік жұмыстарын жүргізді.

Оқушылар "Бала. Құқықбұзушылық және жауапкершілік" тақырыбына ден қойып тыңдап, ойларында жүрген сұрақтарын қойды. «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – азаматтың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген ұлы ғұлама Әл-Фараби сөзімен балаларға жауапкершілікті сезінуді, өз Отанын сүюді үйрету арқылы құқықбұзушылыққа бармауды түсіндірілді. Білім бере отырып елін, жерін сүйетін азамат тәрбиелеу үшін осындай іс-шаралар, тәлімі мол кездесулер мен басқосулар жиі өткізіліп тұрады.



«БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ – ОТБАСЫ» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Максаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Отбасы мүшелерінің арасындағы қайырымдылық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру.

Жиналыс барысы:

1. Көңілді сәлемдесу
2. «Біз біргеміз» жаттығуы
3. Тренинг
4. Оқушылардың сабақ үлгерімі мен тәртібі

Жиналыс "Амандасу" тренингімен басталды. Әр ата-анамен жеке амандасып, сыныпқа кіргізілді. Жиналыс қуанышты көңіл күймен басталды. Сондай-ақ "Біз біргеміз.....", "Ақылды шарлар" жаттығуларын орындай отырып, әр ата-ана өз баласының жағымды, жағымсыз жақтарын анықтап, болашақта жеке жұмыс жасап, оларға қолдау көрсету керектігі талқыланды. Ата-аналар ерекше қызығушылық танытты.



Мектебімізде құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушыларынан құрылған «Жас Заңгер» клубы жұмыс істейді. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында үйірме, секция жұмыстары жақсы жолға қойылған. Сонымен қатар ата-ана мен мектептің байланысын жақсарту бағытында түрлі тақырыптарда іс-шаралар жоспары құрылып, сол бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Күнделікті сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, педагог-психолог мамандар оқушылардың сабаққа қатысуына талдау жасап отырады. Жұма, сенбі күндері және мереке күндері түнгі мезгілге кезекшілік ұйымдастырылған. Бала тәрбиесіне байланысты ата-аналар жиыны өткізіліп тұрады. Сонымен қатар мектеп парламентінің «Құқық және тәртіп фракциясы» жоспар бойынша өз жұмыстарын жүргізіп келеді. Түнгі мезгілде көшеде ретсіз жүрмеу, күндіз мектепте, сыртта жүргенде болсын өрескел қылықтар көрсетпеу, үнемі тәртіп сақтау оқушының міндеті болып саналатыны белгілі. Сонымен қатар ата-аналар, педагог қызметкерлер, оқушылар арасында балалар еңбегінің заңсыз қаналуына жол бермеу мақсатында түсіндірме

жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Түсіндірме жұмыстарын жүргізу арқылы балаларға еңбектің ауыр түрімен айналысуға болмайтындығына, балалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін ауыр, қауіпті еңбек түріне тартуға шектеу қою қажеттігі туралы түсіндіріледі.



Құқықбұзушылық, қылмыс және өзге де теріс әрекеттер жасауға бейім оқушыларымыз жоқ. Оқушыларды қорқыту, кемсіту, қатыгездік таныту, қудалау және қорлау сипатындағы өзіне қол жұмсауға дейін апаратын мәселелер болған жоқ. Мектебімізде қолайсыз отбасыларда тәрбиеленіп жатқан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ішкі істер бөлімінде есепте тұрған балалар жоқ. Оқушыларға тіл тигізу, оларды кемсіту және психологиялық күш қолдану жағдайларын болдырмау мақсатында мұғалімдермен педагогикалық этиканы сақтау төңірегінде тесттер алынып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп залына балалар мен жасөспірімдердің құқықтық санасын және зорлық-зомбылыққа қарсы тұру дайындығын қалыптастыру мақсатында «Құқықтық негіздері» атты анықтамалық стенді шығарылды. Стендке сенім телефондары, балаларға қатысты зорлық-зомбылық белгілері топтастырылған қысқаша ақпараттар орналастырылды.

Оқушылар арасында дене жарақатын алу, бақытсыз жағдайға ұшырау орын алған емес. Мектебіміз бейімделген спорт залымыз бар. Спорттық құралдар да жеткілікті. Сондықтан балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруын қамтамасыз ету мақсатында спорт үйірмесі жұмыс жасайды. Мұнда оқушылар футбол, волейбол, дөйбы, шахмат, теннис және тоғызқұмалақ ойындарын ойнайды.

10 қыркүйек күні балаларға салауатты өмір салтын насихаттау, шаршаудың алдын алу, ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру, дене бітімі бұзылуының алдын алу мақсатында «Дене сергіту» челленджі өткізілді. Челленджге 1-11 сынып оқушылары толық қатысты. Бұл шара мектебіміздің дала алаңында жүргізілді.

Сергіту сәті – бұл физикалық жаттығулардың шағын жиынтығы, сондықтан оларды орындау кезінде түрлі бұлшықет топтары қамтылады.



13 қыркүйек күні мектеп психологы П.Аманбаеваның ұйымдастыруымен «Суицид және оның алдын алу жолдары» тақырыбында ата-аналармен пікіралысу өткізілді. Мақсаты оқушылар арасында суицид жағдайларын болдырмау, алдын алу туралы түсініктер беру. Ата-аналарға суицид және оған итермелейтін жағдайлар, отбасындағы кикілжің, оның балаға кері әсері туралы мәліметтер беріліп, олардың пікірлері тыңдалды. Сонымен қатар ақпараттық деректер бойынша жасөспірімдердің суицидке баруына бес жағдайдың себепкер болатынын айтты. Олар: араласатын ортасы (достары, көршілері); жанұясы; махаббат; ұстаздардың қарым-қатынасы; қоршаған ортасы (интернет, телефон, кино, музыка және т.б.). Яғни, достарымен арадағы келіспеушіліктер немесе ақша талап ету тәрізді жағдайлар; үйдегі тұрмыстық ахуал, әке-шешесінің арасындағы ұрыс-керіс т.б. факторлар; жауапсыз махаббат немесе махаббатта жолының болмауы; ұстаздардың ұрысуы, оқушылардың көзінше намысқа тиюі; батыстық киноларға еліктеу, теріс психиканың қалыптасуы себепкер болуы ықтимал екендігі туралы айтылды.

15 қыркүйек күні интернеттің пайдалы және зиянды жақтары туралы ақпарат беру, қауіпсіз пайдалануға үйрету, зорлық-зомбылықты, кибербуллингтің алдын алу бойынша бейнероликтермен таныстыру мақсатында барлық сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Шара барысында сынып жетекшілер «Интернет желісіндегі қауіпсіздік туралы» түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, балаларға арналған интернет қауіпсіздігі туралы жадынамамен таныстырды. Балалар топқа бөлініп «Интернеттің пайдасы мен зияны» туралы постерлер қорғап, тақырыпқа сәйкес көрсетілген бейнеролик бойынша өз ой-пікірлерімен бөлісті.



21 қыркүйек күні Ата-ана – Бала – Мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында жалпы ата – аналар жиналысы өткізілді. Мектеп директоры А.Н.Алиев ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлап, мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспарымен таныстырды. Сонымен қатар мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Маханова мектептегі әлеуметтік көмектердің берілуі және «Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама жасады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да, жаманға да бірдей бейім болатыны баршамызға мәлім. Ата – ананың үйдегі іс – әрекеті балаларының көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы, туған ұясы, өз үйіндегі ата – ана тәрбиесі, өнегесі. Қазақта «Баланың бас ұстазы – ата-анасы» деген сөз бар. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаса, есейе келе тәртібі қиындап, оқу үлгерімі нашарлап кетеді. Мұндай жағдайларда «Не істеу керек?» деген ой туады. Әрине, ата – аналар балаларының оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, оны қадағалап отыруы қажет. Баяндама төңірегінде ата – аналар өз ойларын ортаға салып, өте жақсы қызығушылықпен қатысты.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында Арал АПБ КТІЖИ полиция капитаны Сұлтанбекқызы Ақеркенің қатысуымен 8-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмысы болып өтті.

Арал АПБ КТІЖИ полиция капитаны Сұлтанбекқызы Ақерке кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта сағат 22-ден кейін ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде жүрмеуін, мектептің ішкі тәртіп ережесін, құқық бұзушылыққа бейім оқушылардың профилактикасы жөнінде түсіндірілді. Әлеуметтік желілердегі балалардың іс-әрекеті, жас өспірімдерге көрсетілетін зорлық – зомбылық және отбасындағы зорлық-зомбылықтың, жыныстық қолсұғұлмаушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық түсіндірме жасалып, ақпараттандырылды. Шара аясында оқушылар тарапынан негізгі сұрақтар қойылып, жауапты мамандар өз кеңестерін берді.

28-30 қыркүйек күндері оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлықтың алдын алу мақсатында: «Біз біргеміз» (1-4 сыныптар), «Мектеп спорты» (5-7 сыныптар) және «Ертеңді ойласаң есірткіге жолама» (8-11 сыныптар) тақырыптарында спорт ойындары күндері өткізілді. Мұнда денешынықтыру пәнінің мұғалімдері А.Дәрібаевпен Н.Каленовтың ұйымдастыруымен балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлі эстафеталық ойындар, топтық командалар сайыстары өткізілді.

29 қыркүйек күні «Даналық» мектебінің жоспарына сай, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Маханованың ұйымдастыруымен «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мұнда шежіренің сырын, мағынасын ашу, қан тазалығы ұлт болашағы екеніне назар аудару және әулет тарихын білудің мәнін түсіндіру мақсат етілді. Дөңгелек үстел басында өсіп келе жатқан балаға шежіре, әулеттің тарихы туралы кім айтады? Ағайын-туыс арасындағы қарым-қатынасты кім реттейді? Жеті атаны кім үйретеді? – деген сауалдар қойылып, балалар мен аталардың ой-пікірлері тыңдалды. Шара соңында аталар мен балалар отырыс барысында талқыланған мәселелер туралы алған әсерлерімен бөлісті.

3 қазан күні мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Маханова балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру" тақырыбында ата-аналар мен сынып жетекшілерге түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

11 қазан күні мектеп психологы П.Аманбаева ұйымдастыруымен «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы және өмір қауіпсіздігі» тақырыбында ата-аналарға дәріс өткізілді. Оқушылардан психо-диагностикалық сауалнамалар алуға барлық ата-ана өз келісімдерін берді, яғни балаларын сауалнамаға қатыстырудан бас тартқан ата-ана болған жоқ.

13 қазан күні оқушылар арасында нашақорлықтың алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушылары арасында «Есірткісіз өмір ғажайып!», «Мен есірткінің зияндылығы жайлы білемін» тақырыптарында эсселер жаздырылды. Мұнда балалар эссе жазу кезінде «қазіргі кезде бұл мәселе бүкіл ел болып күресетін күрделі мәселе екені айтпаса да түсінікті. Наша, нашақорлық туралы біз күнделікті ақпарат құралдарынан көріп, ата-аналарымыз бен сынып жетекшілерімізден естіп тұрамыз. Менің ойымша әрбір адам салауатты өмір салтын ұстанса, бұл жағдайға мүлде тап болмайды. Болашақ біздің қолымызда, сондықтан жаман әдеттерден бойымызды аулақ ұстап, ел сенім артатындай азамат болып өсуіміз тиіс, – деген пікірлерін білдірген.

13 қазан күні 5-сынып жетекшісі Г.Сәрсембаева кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Буллинг және оның алдын алу» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Мұнда тақырыпқа сай бейнеролик көрсетіліп, оқушылардың ой-пікірлері тыңдалды. Бұл шараны өткізу арқылы «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу туралы айтылып, сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге шақырды.

16 қазан күні «Аққыз» қыздар клубының жетекшісі Г.Маханованың ұйымдастыруымен «Қыз қылығымен сүйкімді» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында тақырыпқа сай қысқаша баяндама жасалып, сынып жетекші апайларға және қыз балаларға арнайы дайындалған сұрақтар беріліп, ой-пікірлері тыңдалды. Сонымен қатар мектеп аяжаны Б.Уалиева : «Жыныстық қатынастар арқылы жұғатын жұқпалы аурулар» тақырыбында баяндама жасады. Жиналыстың тақырыбына сай видеоролик көрсетілді. Онан соң ой-пікірлері тыңдалып, тақырыбымыз өз жалғасын тапты.



«Сыбайлас жемқорлық» ұғымын түсіндіру, жемқорлықтың алдын алу туралы түсініктер қалыптастыру мақсатында 10-сынып жетекшісі Г.Қазбекова ұйымдастыруымен «Жемқорлықсыз әлем» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға сыбайлас жемқорлық туралы қысқаша мәліметтер беріліп, презентациямен таныстырылды. «Ой жалғау» кезеңінде оқушылар мақалдың жалғасын тауып, мағынасын түсіндіріп берді. Оқушылар өздерінің карикатуралық бағытта салған суреттерін таныстырып, ой-пікірлерімен бөлісті.

20 қазан күні адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында құқық пәні мұғалімі Ғ.Нысанбаев пен 9-сынып жетекшісі Г.Қазыбекова сынып оқушыларымен «Сен және Заң» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға тақырыпқа сәйкес бейнеролик көрсетіліп, заң сөздікшесі таныстырылды. Сонымен қатар қиынды қағаздарды сәйкестендіру арқылы «Заң пирамидасын» құрастырып, мақал-мәтелдердің жалғасын тапты.

20 қазан күні ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сай бастауыш сынып мұғалімі Д.Жолдасованың ұйымдастыруымен ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру мақсатында "Отбасы – бақыт бесігі" тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында ата-аналар сұрақтарға жауап беріп, ойындарға қатысып, бала тәрбие жөніндегі ой-пікірлерімен бөлісті.

20 қазан күні бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау мақсатында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Маханованың ұйымдастыруымен «Аталар» мектебінің жоспарына сай «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» тақырыбында шеберлік сабағы өткізілді. Шара барысында «Бата» туралы қысқаша мәлімет беріліп, аталар мен балалар топтарға біріктірілді. Әр топқа «Батаның

қандай түрлері бар, бата бергенде қандай мәселе қозғалады?» сауалы қойылып, ой-пікірлері тыңдалды. Сонымен қатар топта ақылдаса отырып, тапсырмаға сәйкес бата түрін таңдап алып, сол батаны жатқа айту тапсырылды. Шараға қатысқан аталарымыз «Өмірге сәби келгенде берілетін бата», «Баланы бесікке салғанда, тұсауын кескенде берілетін бата», «Алыс жолға шыққанда берілетін бата», «Келін түсіргенде берілетін бата», «Ас қайырғанда берілетін бата», «Қоныс тойда берілетін бата» және «Ұлыстың ұлы күнінде берілетін баталарын» айтып берді, балалар да бата жаттаудың маңыздылығын түсінді.

20 қазан күні мектеп психологы П.Аманбаеваның ұйымдастыруымен 7-11 сынып оқушылармен психологиялық сағат өткізілді. Мұнда оқушыларға ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік азаматтардың, жекелеген топтардың және әлеуметтік жіктердің, адамдардың бұқаралық бірлестігі мен жалпы ел тұрғындарының жағымсыз ақпараттық-психологиялық ықпалдан, әсерден қорғануы. Киберқауіпсіздік негіздері және қауіп түрлері туралы көптеген мәліметтер берілді.

23 қазан күні балалар арасында салауатты өмір салтын ұстану, вейпингтің зияны туралы хабардар ету мақсатында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Маханованың ұйымдастыруымен «Вейпсіз әлем» балалар челленджі өткізілді. Челленджге 8-11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері толық қатысты. Балаларға вейпингтің адам денсаулығы үшін зияндылығы туралы түсініктер беріліп, бейнероликтер көрсетілді. Сонымен қатар электронды темекі, нашақорлықтың алдын алу туралы да көптеген мәліметтер берілді.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», - деп дана халқымыз айтқандай ауырғаннан гөрі денсаулықты сақтап, аурудың алдын алған жөн.

23 қазан күні ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сай оң тәрбиенің мәнін, принциптерін және дағдыларын дамыту арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту мақсатында мектеп мұғалімі Г.Сәрсембаева 5-сыныптың ата-аналарымен "Баланың бас ұстазы – ата-ана" тақырыбында жиналыс өткізді. Мұнда психологиялық жағымды ахуал орнаған соң, "Позитивті ата-ана болу дегеніміз не?", "Позитивті ата-ана болу үшін не қажет?" деген сауалдар қойылып, қызықты пікірлесу жүргізілді.

27 қазан күні ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес, ата-аналардың рефлексия және балалардың тәуелсіздігін қолдау дағдыларын дамыту мақсатында мектеп мұғалімі Л.Изимованың ұйымдастыруымен 10-сыныптың ата-аналарымен «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу» тақырыбында отырыс өткізілді. Шара аясында ата-аналар "Баланың дербестігі" сауалнамасын толтырып, "Өз балаларының портретін" құрастырып, бала тәрбиесіне байланысты ұсынылған бейнероликті тамашалап, өз ой-пікірлерімен бөлісті.

5 қараша күні 7-11 сынып оқушылары қашықтықтан өткізілген «Буллингтің алдын алу» тақырыбындағы семинарға қатысты. Семинарға 45 оқушы, 5 сынып жетекші, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог және мектеп психологы қатысты.

6 қараша күні мектеп медбикесі Б.Уалиеваның ұйымдастыруымен мектеп оқушыларына есірткі заттарын қолдану т.б зиянды әдеттерден сақтандыру және осы әрекеттердің қылмысқа итермелейтінін түсіндіру мақсатында «Есірткі және құқықбұзушылық» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға сұрақтар қойылып, жауаптар алынды және салауатты өмір сүру

туралы көптеген мәліметтер берілді. Денсаулық – басты байлық. Дені сау адамның көңілі шат, өмірі бақытты. Азаматтың міндеті – заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан, өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз – өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы – атында емес, адалдығы мен әділдігінде екендігіне оқушылар тағы да көз жеткізді.

7 қараша күні 9-сынып жетекшісі Г.Қазыбекова сынып оқушыларына «Әлемді зорлық-зомбылықсыз қалай жасауға болады?» тақырыбында эссе жаздырды.

10 қараша күні ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу, ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру мақсатында мектеп психологы П.Аманбаеваның ұйымдастыруымен «Жүрек жылуы» тренингі өткізілді. Мұнда «Отбасы құндылықтар» әдісі, «Тұлға бейнесі» әдісі, «Ұйымшылдық» әдісі арқылы ата-аналарға түрлі тапсырмалар мен логикалық сауалдар қойылып, «Жүрек жылуы» жаттығуы орындалды. Шараға ата-аналар өте жақсы белсенділікпен қатысты.

15 қараша күні 9-сынып жетекшісі Г.Қазыбекованың ұйымдастыруымен «Қызға қырық үйден тыйым» тақырыбында пікірталас болып өтті. Мұнда қыз балалар тәрбиесі туралы айтылып, бейнеролик көрсетіліп, ой-пікірлері тыңдалды, яғни қазіргі уақытта қыз балаға да, ер балаға да тыйым болуы тиіс екендігі айтылды.

16 қараша күні интернет желісінде балалардың суицидтік және құқыққа қайшы мазмұндағы топтар мен ойындарға қатысуын шектеу, позитивті ақпараттық ортаны қалыптастыру және тыйым салынған интернет-сайттардың қызметі туралы құқық қорғау орындарына хабарлау, контенттерге кіретін білім алушыларды анықтау, олармен түсіндіру және әдістемелік көмек беру жұмыстарын жүргізу мақсатында «Ата-аналар жиналысы» өткізілді. Жиналыс барысында информатика пәні мұғалімі Л.Изимова мен бағдарламашы Б.Өтешова слайд-презентациямен таныстырып, интернет желісіндегі балалар қауіпсіздігі бойынша ата-аналарға арналған жадынамалар таратты. Тақырып төңірегінде ата-аналардың ой-пікірлері тыңдалды.

17 қараша күні Мектеп парламентінің «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының жоспарына сай мектеп тәлімгері Б.Бекмағанбетова ұйымдастыруымен өркениетті елдің әрбір азаматының денсаулығы мықты, хал-ахуалы жақсы болу үшін зиянды әдеттер ішімдік, нашақорлық, темекі шегушіліктен сақтандыру, олардың денсаулыққа, болашақ ұрпаққа жау екендігін түсіндіру мақсатында «Біз темекі шегуге қарсымыз!» ұранымен флешмоб өткізілді.

17 қараша күні әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету мақсатында мектеп тәлімгері Б.Бекмағанбетованың ұйымдастыруымен «Ертегі – танымның көзі» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Шара барысында «Ертегі туралы не білеміз?», «Ертегі не береді?», «Ертегі баланы дамыту құралы ретінде...», «Ертегілерді не үшін оқу керек және қалай оқу керек, оқитын адамға қандай дағдылар керек?», «Құндылығын жоғалтпаған ертегілер» және «Заманауи ертегілер жөнінде айтарымыз бар ма?» сауалдары қойылып, жауаптар алынды. Балалар өз әжелерінен естіген ертегілерін және кітапханадан алып оқыған ертегілерін мазмұндап берді, сонымен қатар әжелеріміз де өз немерелеріне жиі айтатын ертегілерін үзінділер айтып берді. Шара соңында «Даналық ағашына» қатысушылар бүгінгі сабақтан не түйгенін және жылы лебіздерін жазып жабыстырып, Айгерім Қалаубаеваның орындауындағы «Ертегілер» әнін хормен орындады. Шара өте қызықты өтті.

20 қараша күні ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес, мектептің оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін балалардың когнитивтік дағдыларын дамытуға ата-аналардың дайындығын қалыптастыру мақсатында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Маханованың ұйымдастыруымен «Білімдіге дүние жарық. Танып білу қуанышы: сүйсініп оқу» тақырыбында тренинг өткізілді. Ата-аналарға бейімделу түрлері туралы таныстырып, бейімделу деңгейлері бойынша ата-аналарға арналған сауалнамалар таратылды. Сонымен қатар «Бала бейімделуден қалай өтуі керек» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, ой-пікірлері тыңдалды. Ата-аналардың когнитивтік дағдыларын анықтау мақсатында да тапсырмалар берілді.



22 қараша күні ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес, ата-аналардың балаларды жаңа жағдайға бейімдеу қабілеттерін дамыту мақсатында 6-сынып жетекшісі А.Абдраманованың ұйымдастыруымен «Ақыл айтпа, жол көрсет» тақырыбында тренинг өткізілді. Ата-аналарға бейімделу кезеңінде балаларда физиологиялық және эмоционалдық өзгерістер болатыны түсіндірілді. Сонымен қатар «Мен балаға қалай көмектесе аламын?» ойыны өткізіліп, балалардың бейімделуіне көмектесу туралы қысқаша ақпараттар берілді. Шара барысында ата-аналар баланың сөздеріне барынша назар аудару, жауап беру, көмек пен қолдау көрсету керектігі туралы нұсқаулар алып, "Мен ата-анамын" диаграммасын сызды.

1 желтоқсан Дүние жүзілік СПИД – ке қарсы күрес күніне орай мектеп медбикесі Б.Уалиева 7-11 сынып оқушыларынан «ЖИТС-тен сақтан!» тақырыбында жазба жұмыстарын алды.

1 желтоқсан күні қазақ тілі пәнінің мұғалімі А.Нұрғазиеваның ұйымдастыруымен 7-8 сыныптар аралығында «Интернет менің өмірімде» тақырыбында эссе байқауы өткізіліп, 5-6 сыныптар аралығында «Қауіпсіз ғаламтор еліне саяхат» тақырыбында суреттер байқауы болып өтті. Мұнда оқушылар ғаламтордың адам өміріндегі маңызы туралы көбірек тоқталып өткен.

7-9 сынып оқушыларымен «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында пікіралысу өткізілді. Шара барысында оқушыларға ғаламтордан алатын әсерлері, зияны мен пайдасы туралы мағлұмат беру, түсініктерін кеңейту мақсат етілді. Оқушылар арасында интернеттің пайдасы мен зияны туралы мәселелер қызу талқыға түсті. Сонымен қатар компьютерге тәуелді болу белгілерін айта келе, тәуелділіктен арылудың 10 жолы талқыланды.

8 желтоқсан күні оқушылардың құқықтық білімдерін тереңдету, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, өз құқықтарын қорғай білуге үйрету, зиянды заттардан аулақ болып, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу мақсатында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Маханованың ұйымдастыруымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп пен отбасының өзара әрекеті» тақырыбында баяндама оқылды. Мұнда балаларға құқық бұзушылықтың алдын алу, өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу және жол бермеу, шылым мен

темекі шегушіліктің алдын алу туралы көптеген мәліметтер беріліп, тақырыпқа сәйкес қысқаша бейнероликтер көрсетілді.



Тәуелсіздік –біздің ұрпаққа берген үлкен бақыт, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік –біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Қазақстан Республикасы – егеменді, тәуелсіз демократиялық мемлекет. Оның өз Ата Заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық валютасы бар. Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша – асыл қазына, халық байлығы екенін түсіндіру мақсатында 2 сынып жетекшісі Д.Жолдасова «Теңге-ұлттық құндылығымыз» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып, Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру қолдану аясын жете білуменен байланыстыру.



«Мектеп және театр» жобасы бойынша жетекшісі Қ.Жукашованың ұйымдастыруымен сахналық қойылым өткізді.

Мақсаты: Балалар жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді ажырата алуы және сахна мәдениетін қалыптастыру шеберлігін бала бойына дарыту мақсатында өтілді.

«Оқуға құштар жобасы» аясында оқыған кітаптарының желісі бойынша әр кейіпкерді сомдай отыра, әртістік қабілеттерін көрсетті және жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді ойнай отыра балалардың ойлау қабілеттерін арттырды.



«Төрт тоқсан, төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасы бойынша «Ұлттық өнер» іс-шара жоспарына сәйкес көркем еңбек пәнінің мұғалімі Г.Жолгелдиева оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге байлу мақсатында «Кестелеу бұйымдары қалай жасалады?» тақырыбында танымдық сағатын ұйымдастырды.

Қолөнер - адамның дүниетанымына, сеніміне, адамгершілік – моральдық қасиеттердің қалыптасуына, эстетикалық сезімдерінің тұрақтылығына, алдына қойған мақсатының айқындала түсуіне игілікті әсер етеді. Сол себепті де халық өз ұрпағының өнердің сан – саласынан толық мағлұматы болуын аңсап, бұған қатты көңіл бөлген.

Заманға лайық тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, тың идеялар мен шығармашылық, жаңашылдықты қажет етеді. 2023-2024 оқу жылының сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие жұмысының жаңа формалары, әдіс-тәсілдерімен бөлісу, сынып жетекшіге әдістемелік-практикалық көмек көрсету, шығармашылығын шыңдау мақсатында сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі Г.Жолгелдиева «Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығы» тақырыбында тренинг ұйымдастырды.

Тренинг барысында сынып жетекшілер қызығушылықтары бойынша топқа бөлінді. "Нағыз сынып жетекшісі қандай болу керек?" деген сауалға ассоциация құрып, постер қорғады. Тәжірибелі сынып жетекшілер ақыл-кеңестерін қоса айтып өтті. Сыныпта кездесетін мәселелердің шешу және алдын алу жұмыстарының тиімді жолдары талданды. Сынып жетекшілер белсене қатысып, үздік идеяларын көрсетті.

2024 жылдың 17 қаңтары мен 17 ақпаны аралығында «ДОСБОЛЛИКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясы айлығы аясында таңертең оқушыларды және ұстаздарды тренинг өткізу арқылы қарсы алдық. Мақсаты: оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту. Оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.

Акцияның мақсаты: Мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау.

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГ: балаңыздың бұған қатысы жоқ па?

Бала біздің жарқын болашағымыз, болашаққа деген үмітіміз. Осы жолда бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-ананың басты міндеттерінің бірі. Қазіргі технологияның қарыштап дамып жатқан заманында, балаларымызды кибербуллингтен қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-ана мен ұстаздардың парызы. Осы орайда, балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Маханова «Мектептегі буллинг: балаңыздың бұған қатысы жоқ па?» тақырыбында түсіндірме жұмысын жүргізді.

Мақсаты: Ата-аналарды компьютер мен интернеттің қазіргі өмірдегі алатын орны мен таныстыру. Қазіргі мектеп оқушыларының компьютер мен интернетті пайдалануының жағымды және жағымсыз жақтарын талқылау.

«Мектепжәне театр» жобасыбойынша «Мақтаңыз бен мысық» аттысахналыққойылымқойды. Мектептің 3сынып оқушылары ертегі кейікерлерін образына еніп сомдады. Сахналық қойылым көңілді және тамаша өткізілді.

Мақсаты: Ертегітуралыбілімдерінкеңейту. Сөйлеумәдениетін, еркінсөйлеп, өзойларындұрысжеткізу. Үй жануарларының пайдасын түсіндіру. Драма мен жаратылыстану оқу қызметін кіріктіріп өту арқылы балалардың ақыл-ойларын, сөздік қорларын дамыту, мәнерлеп сөйлеуге баулу, есте сақтау қабілетін қалыптастыру. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету. Ертегі арқылы балаларды жан-жануарларға қамқор болуға, адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, достыққа тәрбиелеу.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында «Домбырашылар» челленджі өз жоспарына сәйкес жұмыстарпын жалғастыруда Домбыра — қазақ халқының күмбірлетіп күй төгіп, асқақтатып ән айтып,асылынан артық көріп, жалғызындай аялап, үкі тағып, қастерлеген ең қымбат аспаптарының бірі.

Ұлыстың ұлы күнінде қазағымыздың қара домбырасы, алтын қазынасын жанына серік еткен, күмбірлетіп күйден шашу шашатын жас таланттарымыз да республика көлемінде барлық оқу орындарында ұйымдастырылып жатырған кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті ұлттық музыкалық аспабын насихаттауға бағытталған "ҰЛТТЫҚ ЧЕЛЛЕНДЖЕ" өз үлестерін қосты.



Наурыз — шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды дәстүрге айландырған. Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесі біздің алтын ұямызда аталып өтілді.

Қазақ халқының дәстүрі мен ұлттық ерекшелігі көрініс тапқан мерекелік шарада үлкендер ақ тілектерін арнап, жас буынға баталарын берді. Ұлтымыздың салт-дәстүрін жаңғыртуға барлық оқушы атсалысып, ерекше тәрбиелілік шаралардың куәсі болдық.




"Наркологиялық бекеттің" жетекшісі А.Ерімбетова және денешынықтыру пәнінің мұғалімі Д.Ипатуровтың ұйымдастыруымен "Спорт есірткіге қарсы" атты спорттық сайыс өткізді. Сайыстың мақсаты спортқа деген қызығушылығын арттыру. Салауаттану - адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының нығаюы, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.



Мектеп оқушылары әр түрлі заттардан бұйымдар жасауда. Өз қолымен жасалған заттар өте сапалы, керемет құнды болып шығуда. Осы құндылықты оқушы бойына сіңіре білген мектебіміздің қол өнер үйірмесінің жетекшісі Г.Жолгелдиева

Қазіргі таңда өз қолдарымен жасалған заттар немесе сыйлықтар жоғары бағаланып, сұранысы артып, оқушылардың ізденістерін, қабілеттерін шыңдауда.



Достар бір-біріне сенімді боламыз!- деген ұранымен 1 сынып жетекшісі К.Мұстафаева «Достық – көмекпен мықты» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым – қатынасын және өзімшілдіктен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. Оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.

Табиғат жүрекке жылы,көңілге қонымды терең мағыналы сөз, ұлағатты мол ұғым емес пе? Табиғатсыз өмір жоқ.Ол бар байлықтың көзі, адам өмірінің негізі. Табиғат — бізді қоршаған дүние. аспан,жер,тау, су, жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Адам қашанда табиғат әсемдігіне,сұлулығына тамсанып таңданған, қуанып шабыт алған және қамқорлық жасаған.

Мектебіміздің 5 сынып жетекшісі Г.Сәрсембаева оқушыларға табиғатты аялау — әрбір адамның абыройлы да азаматтық парызы екенін түсіндірдіру мақсатында «Еңбегі адал жас өрен» жобасын іске асыру барысында «Табиғат тамашалары» атты тәрбие сағатын өткізді. Табиғатты сүйе білген, оны аялай білген адамның ары да, жаны да таза болады. Жасыл желекті ағаштарды, әсем гүлдерді,сайраған құстарды, жан жануарларды қорғандар! Жер сенің аяулы бесігің. Осы жер үстінде сен тіршіліктің есігін аштың. Бүкіл тіршілікке жер үлкен қара шаңырақ іспеттес. Сондықтан да сен өз туған жеріңді, оның табиғатын қорғай біл!

Білімді екебекпен өмірдің өзінде шыңдап отыр! Сонда ғана білім аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді. Қ.Сәтбаев.

Қ.Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай мектеп кітапханашысы Г.Ермағанбетова көрме ұйымдастырды.

Мақсаты: Қ.Сәтбаевтың өмірбаянымен таныстыру, білімі, ғылыми еңбектері, қоғамдық жұмысы туралы мәлімет беру. Адамгершілік қасиеттерге ие жан - жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

2024 жылдың 11 сәуір күні "Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім" деген тақырыпта Г.Жолгелдиева сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты:

- бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру;
- отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

Оқушыларға тақырып аясында сұрақтар қойылып, пікірлерін тыңдап, ойындар ойнатылып, мақал-мәтелдер айтқызылды. "Отбасыммен өткізген қуанышты күндерім" тақырыбында эссе жазды. Сабақ соңында не ұнағанын, не сезінгенін айтып, алған әсерлерімен бөлісті.



«Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының ұйымдастыруымен «Сөз қадірі – өз қадірің» тақырыбында мектеп оқушылары арасында пікірсайыс өткізілді.

Сөйлеудегі ең жақсы қасиет – ой - пікірін қысқа әрі дәл айтып жеткізушілік. Алтын - гауһардың қымбат саналуы – олардың аздығынан. Олардың аздығы тазалығы десек, қысқа, қоспасыз, ұғымды сөз де қадірлі.

Пікір сайыстың мақсаты – Сөз шеберлігін, көп тыңдап, көп оқып, халықтың ауыз әдебиетін, әсіресе, айтқыштық пен терең ойдың інжу - маржандары – мақал - мәтелдерді жетік біліп, сырына үңілу, кітапты көп оқу арқылы жаттығу, өз пікірін анық айтып, дәлелдеме келтіру қабілеттерін дамыту, отбасы және айналасындағы адамдармен, еркін қарым - қатынас орнатып, жалпы қоғам өміріне белсенді араласуға тарту.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығының 5-9 сыныптың ата - аналарына арналған кезекті сабағы "Жасөспірімдер қарым-қатынас ерекшеліктері", 10-11 сыныптың ата-аналарына "Сүйіспеншілік - сыйластық кілті" тақырыбында мектеп психологы П.Аманбаеваның ұйымдастыруымен өткізілді.


Мақсаты: Балалардың айналасындағылармен жағымды қарым-қатынас орнатуына қолдау көрсету.

Міндеттері: Балаға жағымды қарым-қатынастарды қолдауды, жағымсыз қатынастарға қарсы тұруды үйрету; Ата-аналарға қарым-қатынас түрлері туралы түсінік беру (достық, жасөспірімдер субмәдениетіндегі мінез-құлық, буллинг және т.б.); Ата-аналардың оң қарым-қатынасты қолдап, жағымсыз қарым-қатынасты жеңу дағдыларын игеруіне ықпал ету.



Мектебіміздің 10 сынып жетекшісі Л.Изимова «Ауылым алтын бесігім!» тақырыбында тәрбие сағаты барысында ауылға саяхат жасады. Оқушыларға туған ауылдың өткен тарихымен таныстырып, туған жерге деген ыстық сезімін бөлісуге, әр баланың елін, Отанын қадірлеуге бағыттап, Сапақ елді мекенінің тарихымен таныстырды. Ауылдан шыққан ақын жазушылардың өмірі мен шығармашылығына тоқталып, еңбек түрлерін ұғынып, оны бағалауға, өткенді қастерлеп сақтауға, еңбек ардагерлерін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу, оқушыларды халқымызға болашағынан үміт күтетін білімді ұрпақ керек екенін ұғындырды.

7 мамыр -Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр - Жеңіс күніне орай бсынып жетекшісі А.Абдраманова "Елін қорғау-ерге серт" тақырыбында сынып сағаты өткізді. Мақсаты: Оқушыларға адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу.



2023-2024 оқу жылының аяқталуына орай оқушыларына «Білімім - Отаныма» тақырыбындағы жалпыреспубликалық бірыңғай тәрбие сағаттары өтті.

Тәрбие сағатының мақсаты ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға құштар болуға, жыл бойы алған білімінің нәтижесін қорытындылай білуге тәрбиелеу. 11 сынып оқушыларына «"Мен.Мектеп.Ұстаз" тақырыбында эссе жаздырылды.

Тәрбие сағаттарының мақсаты балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға құштар болуға, жыл бойы алған білімінің нәтижесін қорытындылай білуге тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты Гимнмен басталып, ҚР Оқу-ағарту министрінің жалпы республиканың білім алушыларына құттықтау сөзін тыңдады. Оқушыларға ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұсынған «Қызықты жазғы демалыс» тақырыбындағы гайд оқушыларға таныстырылып, электронды түрде таратылды. Оқушылардың оқу жылы бойына жеткен жетістіктерін қорытындылап, жазғы мезгілдегі өмір қауіпсіздігі ережелері таныстырылды.

25 мамыр күні «Мектебім саған мың алғыс!» атты салтанатты шара өтті. Бұл – оқушылар үшін бір жылдық ізденіс пен талаптанудың қорытындысы, жаңа белеске қадам басудың белгісі. Алғы сөз алған мектеп директоры Аманқос Нағыметұлы білім ордасының 2023-2024 оқу жылындағы табыстары мен жетістіктеріне тоқталып, осы оқу жылында түлеп ұшқалы тұрған түлектерге сәттілік тіледі.

Мектеп табалдырығынан үлкен өмірге 8 түлек жолдама алды. Мерекелік шарада мектеп бітіруші түлектер алтын ұя мектебіне тілектерін жолдап, «Мектеп» әнін орындап, шараның көркін келтірсе, түлектер вальсі қатысушыларға ерекше әсер сыйлады.

2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың қыркүйек айында атқарылған жұмыстарына анықтама

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Қыркүйек айында жоспар бойынша атқарылу керек жұмыстардың бірі мектептің әлеуметтік картасын жинақтау. Оқушының әлеуметтік жеке картасы, сыныптың әлеуметтік картасы және мектептің әлеуметтік куәлігі (паспорт) жасалынды. Көрсеткіштер атауы:

Ата – ана қамқорлығынан айырылған балалар - 0

Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар - 45

Толық емес (ата – анасының біреуі қайтыс болған) отбасының балалары - 8

Көп балалы отбасынан шыққан балалар - 86

Патронат оқушылар - 0

Үйде оқытылатын оқушылар тізімі - 2

Форма - 4 - 0

Жалғызбасты ана тәрбиесіндегі балалар тізімі - 8

Жалғызбасты әке тәрбиесіндегі балалар тізімі - 0

Өгей әкемен бірге тұратын балалар тізімі - 0

Өгей шешемен бірге тұратын балалар тізімі - 0

Жалдамалы пәтерде тұратын балалар тізімі - 0 жасалынды.

Сонымен қатар аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен берілетін оқу формасымен қамтамасыз ету мақсатында қаржылай көмекке ата-аналардан құжаттар жинақтау жұмыстары жүргізілді. 24 өтініш келіп түсті, барлығы қанағаттандырылып тізім нақтыланып, Әр оқушыға 37 389 тг қаржылай көмек берілді. Оқушылардың ыстық тамаққа баруын, ыстық тамақтың сапалы берілуін қадағалып отырмыз сонымен қатар ай сайын мониторинг жүргізілді.

Биылғы оқу жылының тамыз - қыркүйек айлары бойынша мектебімізде «Бар мейіріміміз балаларға!» ұранымен өткізілген «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акция аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетуге демеушілерді тарту арқылы басты назарға алынып, ерекше мұқтаждыққа ие

балаларды қамту және толық емес отбасынан шыққан балаларды қамту көзделді. Ерікті демеушілер тарапынан осы категориядағы оқушыларға көмек қарастырылды. Аталған категорияға сәйкес барлық отбасыға көмек берілді. Мектепәкімшілігі бастамасымен мектеп ұжымы қолдап, биылғы мектепке жол акциясына демеушілік етті. Аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасы балаларына мектеп рюкзагы мен оқу құралдары және мектеп формасы берілді.

Қалалық білім бөлімінің қолдауымен «Самұрық- Қазына» компаниясының демеушілігімен барлық мектептерге оқу құралдары таратылды. Мектебімізден 3 оқушы мектеп сөмкесі мен оқу құралдарына ие болды.

Ерекше мұқтаждыққа ие оқушылардың тізімдері толығымен жасақталды, денсаулығына мониторинг жүргізу;

Әлеуметтік тұрмыс жағдайымен, ата – анасымен танысу;

Оқу – тәрбие жұмыстарымен қамтылуына бақылау жасау жұмыстары жүрізілді.

2022 жылдың қарашаның 17 күні 8-9 сынып оқушыларына оқушыларына зорлық-зомбылық туралы мәлімет беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу мақсатында «Балалық шақты бірге қорғайық!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. 2023 жылдан бастап «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» бойынша ыстық тамақ ішетін 5 санат бойынша 7 оқушы қамтылып, сынып жетекшілерімен бірлесіп құжаттарын жинақтау тапсырылды.

14 желтоқсан күні мектеп бойынша ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, білім беру мекемелерінде балаларға адамгершілік қасиеттерді сіңіру мақсатында «Жомарттық мекені» атты қайырымдылық акциясы өткізілді. Акция аясында 2- 10 сынып оқушылары арасында дәстүрлі тағамдардан «Бауырсақ» жәрмеңкесі өткізілді. Осыған орай әрбір сынып жәрмеңкеге бірлесіп, атсалысып, қолдан жасаған сапалы өнімдерін нарық бағасынан төмен сатуға мүмкіндік жасап, аз қамтылған толық емес отбасынан шыққан балаларға көмек пен қолдау көрсетуге жағдай жасап, белсене атсалысты.

Желтоқсан айында жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандырудың тізімін күнделік кз платформасы арқылы толтыру, ыстық тамақ ішетін балалардың тамаққа бару барысын, түгел тамақтануын қадағаланып ай сайын табель есебі жинақталды. 2023 жылға қосылатын (аз қамтылған) категориядағы балалардың тізімі жасақталып, құжаттары дайындалды.

Аудық әкім шыршасына әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балалары қамтылды. Аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына 10-12 жас аралығындағы 2 оқушы ұсынылды. Оның ішінде толық емес отбасынан 5 сынып оқушысы Ниязов Ислам және көп балалы, азқамтылған отбасынан 6 сынып оқушысы Нағыметуллаева Арай Қамқоршылық кеңес отырысының шешімімен ұсынылды. Барлық талаптарға құжаттары сай келіп Әкім шыршасына қатысты. Балалар аудан әкімі ұсынған қыстық жылы киім мен тәтті сыйлықтарға ие болды.

Қаңтар айы бойынша атқарылған жұмыстар: Жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыға сәйкес мектеп оқушыларын 2023 жылға бір мезгіл ыстық тамақпен қамту барысында аз қамтылған отбасы балалары тізіміне қосу үшін қажет құжаттарды сынып жетекшілерімен бірлесіп дайындай отырып, төмендегі оқушылар:

1 сыныптан -3 оқушы

3 сыныптан – 1 оқушы

5 сыныптан – 1 оқушы

7 сыныптан -1 оқушы

9- сыныптан -1 оқушы

тегін жеңілдетілген ыстық тамақ тізіміне енгізілді. 2022 жылдың 26 –қарашадағы Президенттің жарлығымен Білім беру ұйымдарында тегін тамақпен барлық бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен қамтамасыз ету туралы бұйрығы сынып жетекшілері мен ата-аналарға таныстырылып, 2023 жылдың 9 қаңтар күнінен бастап 1-4 сынып оқушыларынан 29 бала тізімі нақтыланып, ыстық тамақпен түгел қамтылды.

Сонымен қатар ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың күнделікті түгел тамақтануы бақыланып, асхана өнімдерін, тазалығын тексеруге негізделген бракераждық комиссия мүшелерінің іс-шара жоспарына сай асханаға бақылау жүргізілді. Мектеп асханасындағы тамақ өнімдерінің сапасына, асхана тағамдарын дайындау кезінде ас мәзіріне сәйкестігі жөнінде бақылау жүргізілді.

Ақпан айы бойынша сынып оқушыларының құжаттарын жинау, ай сайын сыныптың әлеуметтік қозғалысы туралы есеп алып отыру. Өзге мектептерге ауысуына байланысты және басқа мектептен ауысып келген оқушылардың әлеуметтік мәртебесін сынып жетекшілермен бірлесе отырып, жалпы мектептің әлеуметтік картасына өзгерістер толығымен жаңартылды.

Мектеп асханасында берілетін ыстық тамақтың бекітілген ас мәзірі (меню) бойынша берілуі және сапасы, санитарлық талаптардың сақталуы қадағаланды. Күнделік платформасына жүктелді. Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандырудың тізімін ай сайын табель есебі жасақталды.

2023 жылдың 16 ақпан күні «Адалдық – ардың ісі» танымдық апталығы аясында қоғамда сенім атмосферасын қалыптастыру және оқушыларға өздерін шындықты көздейтін адал адам ретінде тануға мүмкіндік беру мақсатында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Мамытов, сынып жетекші Д.Жолдасовамен бірлесіп, «Адалдық дүкені» ұйымдастырылды. Адалдық дүкенінде оқушылар өздеріне қажетті заттарды алып, алынған тауар үшін ақшаны кассаға қалдырып, қайтарымын өздері алды. Сатушысы жоқ дүкенде затты сатып алып, адалдық ұстанымы негізінде өздеріне қызмет көрсете білді.

1 наурыз алғыс айту мерекесіне орай мектебімізде «Шынайы жүректен алғыс» атты құттықтау шаралары ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары ауылымыздың қарттарына мерекеге арналған ашық хаттарын ұсынды. Оқушылардың ақ тілегін ыстық ықыласпен қабыл алған зейнеткерлер оқушыларға батасын беріп, өз ризашылықтарын білдірді.

Жалпыға міндетті оқу қоры есебінен ыстық тамақпен қамтылған және тегін тамақпен қамтылған бастауыш сынып оқушыларының тамақтануының ұйымдастырылуына аса мән беріліп, балалардың тамаққа түгел қамтылуын ұйымдастырып, асхана өнімдерін тесеруге негізделген бракераж комиссия құрамы іс-шара жоспарына сәйкес ай сайын асханаға уақытылы бақылау жүргізілді.

Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала сыртындағы лагерде демалуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп жанындағы «Қызғалдақ» күндізгі тынығу лагеріне 20 оқушы қамтылды. 2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан 4 бала «Қамбаш» тынығу лагеріне демалып қайтты.

2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жылдық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар туралы анықтама

Оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жалпы мектебімізде барлық бала саны 118, даярлық топтық оқсанда – 12 комплекті бар. Сынып жетекшілерімен бірлесіп, оқушының әлеуметтік жеке картасы, сыныптың әлеуметтік картасы және мектептің әлеуметтік куәлігі (паспорт) жасалынды.

Барлық бала саны – 118

Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушылар-0

Толық емес отбасы бала саны-7

Оның ішінде 1-уі қайтыс болған-4

Жалғыз басты ана-5
Ажырасқан -1
Көп балалы отбасы барлық бала саны-90
Аз қамтылған отбасы-31
АӘК алатын отбасы бала саны-1
Үйден оқитын оқушы-2
Қолайсыз отбасы бала саны-0
Өгей әкемен тұратын бала саны-0

Ыстық тамақ ішетін барлық оқушы-60
Оның ішінде аз қамтылған отбасынан шыққан балалар-31

2023-2024 жылы Мектебімізде Республикалық көлемде ұйымдастырылған дәстүрлі «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өз дәрежесінде жақсы өткізілді. Акция аясында жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасы, көп балалы отбасы, мүмкіндігі шектеулі отбасы балалары қамтылды. 100 000 тг көлемінде 10 оқушыға оқу құралдары қамтамасыз етілді.

Жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыдан 31 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 1-4 сыныптар аралығында 35 оқушы 163 ерекшелікке сәйкес ыстық тамақпен қамтылды. Ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың күнделікті, сапалы тамақтануын ұйымдастыру, мектеп асхана тазалығын қадағалау, тамақтандырудың сапасына мониторинг уақытылы жүргізіліп тұрады.

Бір тұтастәрбие бағдарламасында негізделген жылдық жоспарына сәйкес әлеуметтік педагог ұйымдастыруымен 8- сынып оқушылармен балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында Кибербуллингке жол жоқ! тақырыбында аппараттық сабақ өткізілді.

Мектеп жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес шешімімен 2023-2024 оқу жылында жаңа жылдық Аудан әкімінің шыршасына аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан 5- сынып оқушысы Жеткергенова Нұрсезім мен 5- сынып оқушысы Серікбай Сезім ұсынылып, екі оқушы жіберілді. Екі оқушышыға да Аудан әкімінің қолынан қыстық куртка мен жаңа жылдық сыйлықтар алып қайтты.

Қаңтар айының 16-22 күндері аралығында 1-4 сынып оқушылары арасында «Қайырымдылық- қайырымды іс» атты сурет салу және эсселер байқауы өткізілді. Мақсаты жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттермен мейірімділікке, жанашырлыққа баулу, адамдарға құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Шығармашылық қасиеттерін дамыту, ынталандыру. Байқау қорытындысы бойынша ерекше көзге түскен шығармашыл бастауыш сынып оқушылары жүлделі орындар мен алғыс хаттармен марапатталып, ерекше сыйлықтарға ие болды.

1-наурыз Наурыз Алғыс айту мерекесіне орай «Шынайы жүректегі алғыс» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Іс-шара барысында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жайдарлы отбасылық мейрам сыйлау және мектеп өмірінде өтіп жатқан әртүрлі акциялар кезінде көмек қолын созған демеушілерге алғыс білдіру мақсатында ауылымыздың кәсіпкерлерін құрметті қонақ ретінде шақырып, мектеп директорының алғыс хаты мен сыйлықтар табысталды.

Отбасы, бала тәрбиесі қай қоғамның болса да басты мәселесі. Әлеуметтік педагог бұл мәселелерді шешудің немесе алдын алудың бірден – бір көмекшісі. Осыған орай «Отбасы құндылығы- сарқылмас қазына тақырыбында» 1-4 сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған танымдық сабақ ұйымдастырылды.

Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың ата-аналарынан сауалнама алынды.

Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала сыртындағы лагерде демалуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп жанындағы «Қызғалдақ» күндізгі тынығу лагеріне 20 оқушы қамтылды. 2023-2024 оқу

жылындағы әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан 10 бала «Қамбаш» тынығу лагеріне демалып қайтты.

Жаз мезгілі балалар үшін керемет кезең. Түркістан облысы, Төлеби ауданы «Қуаныш» лагеріне жетістіктері бар, үлгерімі жақсы, көп балалы және аз қамтылған отбасы балалрынан 5- сынып оқушысы Темірбай Сәбинұр мен 8- сынып оқушысы Құдайбергенова Сандуғаш «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының «QH Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасы аясында 5-8 сынып оқушыларын жазғы тынығу лагеріне барып, демалып қайтты.

Қортындылай келе, Мектеп оқушыларына, ата-аналарға, сынып жетекшілерге кеңес беру арқылы өмірдің барлық саласында белсенді шығармашылық іс- ірекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеуге қол жеткіземіз. Ол үшін бала тәрбиесімен айналысатын отбасы, мектеп қоғам жіне жұртшылықтың тәрбиесі кіріктіріліп жүзеге асырылуы тиіс. Өйткені отбасына мектеп тарапынан үлкен көмек қажет. Педагогтар мен ата-аналардың өзара әрекетінің арқасында ғана оқушы тұлғасын даму мәселелерін табысты шешуге болады.

2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың қыркүйек айында атқарылған жұмыстарына анықтама

Қыркүйек айында жоспар бойынша атқарылу керек жұмыстардың бірі мектептің әлеуметтік картасын жинақтау. Оқушының әлеуметтік жеке картасы, сыныптарың әлеуметтік картасы және мектептің әлеуметтік куәлігі (паспорт) жасалынды. Көрсеткіштер атауы:

- Ата –ана қамқорлығынан айырылған балалар -0
- Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар - 31
- Толық емес (ата – анасының біреуі қайтыс болған, ажырасқан) отбасының балалары -5
- Көп балалы отбасынан шыққан балалар -63
- Патронат оқушылар - 0
- Үйде оқытылатын оқушылар тізімі- 2
- Форма -4 - 0
- Жалғызбасты ана тәрбиесіндегі балалар тізімі - 5
- Жалғызбасты әке тәрбиесіндегі балалар тізімі - 0
- Өгей әкемен бірге тұратын балалар тізімі - 0
- Өгей шешемен бірге тұратын балалар тізімі - 0
- Жалдамалы пәтерде тұратын балалар тізімі - 1 жасалынды.

Сонымен қатар аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен берілетін оқу формасымен қамтамасыз ету мақсатында қаржылай көмекке ата-аналардан құжаттар жинақтау жұмыстары жүргізілді. Шілде айының 29 күні 33 өтініш келіп түсті, өтініштің 31 -і қанағаттандырылып, тізім нақтыланды. Әр оқушыға 42 407 тг қаржылай көмек берілді. Тамыз айының 29 күні оқушыларды тегін жеңілдетілген тамақпен қамту мақсатында ата-аналардан 31 өтініш түсіп, өтініштің барлығы қанағаттандырылып, құжат жинақтау жұмыстары жүргізілді, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі нақтыланды. Ай сайын оқушылардың ыстық тамаққа баруын, ыстық тамақтың сапалы берілуін қадағалып отырмыз сонымен қатар ай сайын уақытылы мониторинг жүргізіліп отыр.

Биылғы оқу жылының 1 тамыз – 10 қыркүйек айлары бойынша мектебімізде «Жақсылық жаса!» ұранымен өткізілген «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акция аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетуге демеушілерді тарту басты назарға алынып, ерекше мұқтаждыққа ие балаларды қамту және толық емес, көп балалы, АӘК алатын отбасынан шыққан балаларды, ЕБҚЕ оқушыларды қамту көзделді. Ерікті демеушілер тарапынан осы категориядағы оқушыларға көмек қарастырылды. Аталған категорияға сәйкес барлық отбасыға көмек берілді. Мектеп әкімшілігі мен ұжымы бастамасымен Сапақ ауылдық әкімшілігінің қолдауымен, биылғы мектепке жол акциясына ауыл кәсіпкері де демеушілік етті. Аз қамтылған, көп балалы,

толық емес отбасы балаларына мектеп рюкзагы мен оқу құралдары және мектеп формасы берілді. Аудандық білім бөлімінің қолдауымен «Аманат» партиясының демеушілігімен барлық мектептерге оқу құралдары таратылды. Мектебіміздең 1 оқушы мектеп сөмкесі мен оқу құралдарына ие болды.

Оқушылардың әлеуметтік ортасын (отбасы, әлеуметтік ортасы және қызығушылығы) диагностикалау және «Отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері» тақырыбында ата-аналардан сауалнама алынды.

Сауалнаманың басты мақсаты: Сауалнама ата-аналарға арналады. Ата-ана бала тәрбиесіне қаншалықты көңіл бөлетінін анықтау.

Сауалнама қорытындысы: Білім алушылардың отбасымен қарым-қатынасы, ата-анамен бала арасында өзара байланысы бар.

Ұсыныс: Ата-аналарды мектепшілік, қоғамдық шараларға қатысуын нығайту.

Қазан айында ерекше мұқтаждыққа ие оқушылармен бірінші кезекте оқушылардың тізімдері толығымен жасақталды, денсаулығына мониторинг жүргізу; Әлеуметтік тұрмыс жағдайымен, ата – анасымен танысу; Оқу – тәрбие жұмыстарымен қамтылуына бақылау жасау жұмыстары жүргізілді.

«Жасөспірімдер және зиянды әдеттер» тақырыбында 7-11 сынып оқушылары арасында блиц- турнир болып өтті. Іс-шарада оқушылар зиянды әдеттердің қоғамға әсері, денсаулық және өмір сүру салты дағдылары бойынша сұрақтар мен викториналар ұйымдастырылып, барлық қатысушылар белсенділікпен қатысты. Оқушыларға блиц-турнир тек білім мен ақпарат алмасуға ғана емес сонымен қатар жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға септігін тигізді. Іс-шараның мақсаты: Жасөспірімдер арасында зиянды әдеттердің алдын алу олардың салдарымен таныстыру, қосымша білім мен ақпарат алмасу.

6,7,8 сынып оқушыларынан «Буллинг жоқ дей аласың ба?» атты сауалнама алынды. Мақсаты: Зорлық – зомбылықты анықтау. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылар «Буллинг» зорлық-зомбылықтың, қорлау, кемсітудің не екенін біледі. Оқушылардың басым көпшілігі қудалауды мектеп ұжымы тоқтаата алады деп есептейді. Жалпы сауалнама қорытындысы бойынша буллингке ұшыраған оқушы анықталған жоқ.

ҰОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары іске асырылған:

2021/2022, 2022/2023, 2023/2024 оқу жылдарында «ҚР Білім және ғылыми министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үлгілік оқу жоспарында көзделген вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары жүргізілген. (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса берілді):

№69 орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылындағы факультатив, элективті курстар

Р/с	Сынып	Факультатив тақырыбы	Сағат
1	1	Қызықты математика (элективті курс)	1 сағат
2	2	Қызықты математика (элективті курс)	1 сағат
3	3	Қызықты математика (элективті курс)	1 сағат
4	4	Қызықты математика (элективті курс)	1 сағат
5	5	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат
6	6	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат
7	7	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат
8	8	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат

9	9	«Зайырлылық және дінтану негіздері» (ж.қ)	1 сағат
10	10	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері «ж.қ)	1 сағат
11	11	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері «ж.қ)	1 сағат
12	10	Дала жаттығулары	1 сағат
13	11	Биоэкология	1 сағат

№69 орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы факультатив, элективті курстар

Р/с	Сынып	Факультатив тақырыбы	Сағат
1	1	Математика және логика (элективті курс)	1 сағат
2	2	Математика және логика (элективті курс)	1 сағат
3	2	Жазылым дағдысын тіл білімі арқылы жетілдіру (элективті курс)	1 сағат
4	3	Математика және логика (элективті курс)	1 сағат
5	4	Математика және логика (элективті курс)	1 сағат
6	5	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат
7	6	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат
8	7	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат
9	8	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат
10	9	«Зайырлылық және дінтану негіздері» (ж.қ)	1 сағат
11	10	«Дала жаттығулары»	1 сағат
12	10	Дұрыс тамақтанудың денсаулықты сақтаудағы рөлі	1 сағат
13	10	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері (ж.қ)	1 сағат
14	11	Биотехнология	1 сағат
15	11	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері (ж.қ)	1 сағат
16	11	Физикадан есептерді шешу әдістері	1 сағат

№69 орта мектебі бойынша 2024-2025 оқу жылындағы факультатив, элективті курстар

Р/с	Сынып	Факультатив тақырыбы	Сағат
1	1	Математика және логика (элективті курс)	1 сағат
	1	Спорттық ойындар	1 сағат
2	2	Математика және логика (элективті курс)	1 сағат
3	2	Жазылым дағдысын тіл білімі арқылы жетілдіру (элективті курс)	1 сағат
	2	Спорттық ойындар	1 сағат
4	3	Математика және логика (элективті курс)	1 сағат
	3	Спорттық ойындар	1 сағат
5	4	Математика және логика (элективті курс)	1 сағат
	4	Спорттық ойындар	1 сағат
6	5	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат
7	6	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат
8	7	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат
9	8	Жаһандық құзіреттілік	0,5 сағат
10	9	«Зайырлылық және дінтану негіздері» (ж.қ)	1 сағат
11	10	«Дала жаттығулары»	1 сағат
12	10	Дұрыс тамақтанудың денсаулықты сақтаудағы рөлі	1 сағат
13	10	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері (ж.қ)	1 сағат
14	11	Биотехнология	1 сағат
15	11	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері (ж.қ)	1 сағат
16	11	Физикадан есептерді шешу әдістері	1 сағат

ҰБТ –дің 2 жылдық көрсеткіші

р/с	Оқу жылы	Жалпы оқушы саны	ҰБТ қатысқаны	Орташа балы	грант
-----	----------	------------------	---------------	-------------	-------

1	2022-2023	8	8	80,25	100%
2	2023-2024	8	8	78,57	87,5%

Олимпиадалар мен ғылыми жобадағы жетістіктері

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық пәндік олимпиаданың (IV-ші кезең) Республикалық кезең жеңімпазы					
1					

2022-2023 оқу жылы

Р/с	Оқушының аты -жөні	Жетістік түрлеті	сыныбы	Пәні	пән мұғалімі
жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада					
1	Нағымет Айман	Алғыс хат	11 сынып	Қазақ тілі мен әдебиеті	Сәрсембаева Гүлсара
	Жаңабаев Бекарыс	II орын	11 сынып	Математика	Тынымбаева Жанарай
	Асанов Рамазан	II орын	10 сынып	Математика	Қазбекова Гүлжайна
	Темірбай Салтанат	Алғыс хат	6 сынып	Орыс тілі	Ибрагимова Гүлназ
	Өмірбаев Айбар	II орын	5 сынып	Математика	Тынымбаева Жанарай
Қ. Игенбаев атындағы облыстық олимпиада 7-8 сыныптар					
1	Малкаждаров Расул	II орын	7	Математика	Тынымбаева Жанарай
Ұлтық олимпиада 7-8 сынып оқушылары арасында аудандық кезең					
1	Ниязов Абылайхан	Алғыс хат	7	География	Кәрібаева Әсел
2	Нағымет Шолпан	III орын	8	География	Кәрібаева Әсел
Бастауыш сынып "Алтын сақа "					
1	Темірбай Сәбинұр	III орын	4	Бастауыш сынып	Алматова Ажаркүл

№69 орта мектеп бойынша 2023-2024 оқу жылындағы оқушы жетістіктері

Р/с	Оқушының аты -жөні	Жетістік түрлеті	сыныбы	Пәні	пән мұғалімі
жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада					
1	Шарап Нұрәулет	II орын	6	Қазақ тілі мен әдебиеті	Сәрсембаева Гүлсара
2	Оралбай Әмина	III орын	5	Қазақ тілі мен әдебиеті	Сәрсембаева Гүлсара
7-8 сыныптар					
1	Жақсылықова	III орын	8	Физика	Мирманова Куттыгул

	Мерей				

Қ. Игенбаев атындағы облыстық олимпиада 7-8 сыныптар

1	Малкаждаров Расул	Алғыс хат	8	Математика	Тынымбаева Жанарай
---	-------------------	-----------	---	------------	--------------------

Ауыл олимпиадасы (облыстық кезең)

1	Темірбай Зарина	II орын	9	Физика	Мирманова Куттыгуль
---	-----------------	---------	---	--------	---------------------

Ауыл олимпиадасы (Республикалық кезең)

--	--	--	--	--	--

Алтын сақа

1	Өмірбаев Айбар	II орын	6	математика	Тынымбаева Жанарай
---	----------------	---------	---	------------	--------------------

2	Оралбай Әмина	Алғыс хат	5	Математика	Тынымбаева Жанарай
---	---------------	-----------	---	------------	--------------------

Алтын түлек

1	Асанов Рамазан	Алғыс хат	11	математика	Қазбекова Гүлжайна
---	----------------	-----------	----	------------	--------------------

--	--	--	--	--	--

Іқанат республикалық олимпиада

1	Малкажаров Расул	Алғыс хат	8	математика	Тынымбаева Жанарай
2	Дарханұлы Бақтияр	Алғыс хат	8	математика	
3	Алдаш Жанқожа	Алғыс хат	8	математика	

№69 орта мектеп бойынша 2024-2025 оқу жылындағы оқушы жетістіктері

Р/с	Оқушының аты -жөні	Жетістік түрлеті	сыныбы	Пәні	пән мұғалімі
-----	--------------------	------------------	--------	------	--------------

жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада

1	Маликаждар Ботакөз	I орын	5	Жаратылыстан у	Карибаева Ә
2	Базаралы Дилназ	II орын	5	Орыс тілі мен әдебиеті	Ибрагимова Г
3	Өмірбай Азамат	III орын	5	Математика	Қазбекова Г

6 сыныптар

1	Оралбай Әмина	II орын	6	Қазақ тілі мен әдебиеті	Сәрсембаева Гүлсара
2	Аманқосқызы Айзере	II орын	6	Ағылшын	Абдраманова Айдана
3	Абибуллаева Айару	II орын	6	Орыс тілі мен әдебиеті	Ибрагимова Г
4	Бахитжанова Раушан	II орын	6	Тарих	Мереева Жаңылған

Алтын сақа

--	--	--	--	--	--

1	Темірбай Сәбинұр	II орын	6	Математика	Тынымбаева Жанарай
2	Амандықұлы Арман	II орын	5	Математика	Қазбекова Гүлжайна

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық (II-ші кезең) жеңімпаздары (5-11) 2021-2022					
№	Аты-жөні	Орыны	Сыныбы	Пәні	Пән мұғалімі
1	Талапбаева Аймира	III орын	8	Информатика	Изимова Ләззат
2	Ниязова Ардақ	II орын	9	Қазақтілі мен әдебиеті	Нұрғазиева Ақнұр
3	Бахитжанова Аружан	III орын	11	Физика	Мирманова Куттыгул
4	Тағыбергенова Айсәуле	II орын	9	Биология	Ерімбетова Ақмарал
5	Жеңісұлы Ислам	III орын	5	Тарих	Мереева Жаңылған
6	Тағыбергенов Нұрдәулет	III орын	6	Қазақ тілі мен әдебиеті	Нұрғазиева Ақнұр
2022-2023 оқу жылы					
Республикалық ғылыми жоба "Зерде" конкурсы Аудандық кезең					
1	Бахитжанов Мағжан	III -орын	6 сынып	Ағылшын тілі	Жукашова К
2	Мереева Жаңылған	III-орын	6 сынып	Тарих	Мереева Жаңылған
3	Тағыбергенов Нұрдәулет	III-орын	7 сынып	Қазақ тілі мен әдебиеті	Нұрғазиева Ақнұр
4	Талапбаева Аймира	I орын	9 сынып	Қазақ тілі мен әдебиеті	Сәрсембаева Гүлсара
5	Асанов Рамазан	I орын	10 сынып	Математика	Қазбекова Гүлжайна
6	Ықылас Сартай	Алғыс хат	9 сынып	Информатика	Изимова Ләззат
7	Аманқосқызы Айзере	III -орын	5	Информатика-робототехника	Алматова Ажаркүл
8	Бақытжанова Раушан	III орын	5	Химия-биология	Мустфаева Клара
9	Темірбай Әсемай	Алғыс хат	3	Химия-биология	Нысанбаева Айдана
2023-2024 оқу жылы					
1	Шарап Нұрдәулет	Алғыс хат	6	Информатика	Изимова Ләззат
2	Жақсыбайқызы Каусар	II-орын	3	Этномәдениеттану	Дарибаева Гулмайра
3	Өмірбаев Азамат	II орын.	4	Медицина-психология	Мамытов Бауыржан
4	Бақытжанова Раушан	III-орын	5	Медицина-психология	Кәрібаева Әсел
5	Темірбай Салтанат	Алғыс хат	7	Технология және өнер	Жолгелдиева Г

6	Ниязов Абылайхан	Алғыс хат	7	Математика	Қазбекова Г
7	Рахметулла Аяна	Алғыс хат	7	Химия - биология	Ерімбетова Ақмарал
2024-2025 оқу жылы					
1	Бахитжанов Мағжан	III- орын	8	Математика	Қазбекова Г
2	Нағымет Шолпан	Алғыс хат	9	Қазақ тілі мен әдебиеті	Нұрғазиева Ақнұр
3	Малкажаров Расул	Алғыс хат	9	География	Карибаева Ә

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы игеру;

Өзін-өзі бағалау нәтижелері:

Өмір қауіпсіздігінің негіздері оқу курсы 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары 1-4 сыныптарда «Дүниетану» пәні аясында жүргізілді. 1-3 сыныптарда әрбір оқу жылында 6 сағаттан, 4-сыныптарда 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен жүзеге асырылды. 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру пәні мұғалімі оқытуымен жүзеге асырылды. "Өмір қауіпсіздігі негіздері" интеграцияланған білім беру бағдарламасы "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде іске асырды. 10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырды.) және сабақ уақытында жүргізілді.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілген. Оқушылардың қауіпсіз мінез-құлықтары, өмір тіршілігінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардағы қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс, медициналық білім негіздері және алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері, салауатты өмір салтының негіздері мазмұндары қамтылған.

"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру;

Өзін-өзі бағалау нәтижелері:

«Жолда жүру ережелері» оқу курсы 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жүргізілген. Курс мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен тақырыптары көрсете отырып, түсірілген. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілген. Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-8 сынып аралығында жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып жүргізген. Міндетті оқу курсының жүргізілгендігі сынып журналдарында берілген.

1) Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемінің сәйкестігі мен сақталуы:

2022-2023 оқу жылында

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша негізінде 3 -тарау 28 -тармағы (28. Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 27 сағаттан аспайды.)-1-4-сыныптарда, 3-тарау 29-тармағы (44. Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 1-қосымша) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 1-сыныпта-19,5 сағат; 2-сыныпта-24сағат ; 3-сыныпта- 26 сағат; 4-сыныпта-26 сағат;

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 3-қосымшасы 3- тарау 40-тармағы (40. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 29 сағаттан, 6-сыныпта – 30 сағаттан, 7-сыныпта – 30 сағаттан, 8-сыныпта – 34 сағаттан, 9-сыныпта – 35 аспауы тиіс.), 3-тарау 41-тармағы (41.Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша) 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан;

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына 4-қосымшасы 3-тарау, 30 тармағы (30. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 35 сағаттан аспауы тиіс), 3-тарау 32-тармағы (32.Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 85,86-қосымша) 10,11-сынып - жаратылыстану-математикалық бағытында- 34 сағат талаптары сақталды.

2023-2024 оқу жылында

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша негізінде 3 -тарау 28 -тармағы (28. Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 27 сағаттан аспайды.)-1-4-сыныптарда, 3-тарау 29-тармағы (44.Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 1-қосымша) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 1-сыныпта-19,5 сағат; 2-сыныпта-24сағат ; 3-сыныпта- 26 сағат; 4-сыныпта-26 сағат;

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 3-қосымшасы 3- тарау 40-тармағы (40. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 29 сағаттан, 6-сыныпта – 30 сағаттан, 7-сыныпта – 30 сағаттан, 8-сыныпта – 34 сағаттан, 9-сыныпта – 35 аспауы тиіс.), 3-тарау 41-тармағы (41.Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша) 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан;

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығына сәйкес № 348 бұйрығына 4-қосымшасы 3-тарау, 30- тармағы (30. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 36 сағаттан аспауы тиіс), 3-тарау 32-тармағы (32.Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында

белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 38,39-қосымша) 10,11-сынып - жаратылыстану-математикалық бағытында- 35 сағат сағат талаптары сақталды.

2024-2025 оқу жылында

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 08 ақпандағы № 27 бұйрығы 6-қосымша негізінде. Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 08 ақпан №27 бұйрығына 6-қосымша) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 1-сыныпта-19,5 сағат; 2-сыныпта- 24сағат ; 3-сыныпта- 26 сағат; 4-сыныпта-26 сағат;

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазанындағы № 323 бұйрығы 6-қосымшасы. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 аспауы тиіс.), 3-тарау 41-тармағы (41. Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша) 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан;

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазанындағы № 323 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 35 сағаттан аспауы тиіс), Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазанындағы №323 бұйрығына 86-қосымша) 10,11-сынып - жаратылыстану-математикалық бағытында- 35 сағат сағат талаптары сақталды.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативтік компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы:

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҰОЖ-да (инвариантты және вариативтік компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды:

Оқу жылдары	Компонент	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10ж.м	11ж.м
2022-2023	Инвариантты	18,5	23	25	25	28	28	31	32	33	32	32
	Вариативтік	1	1	1	1	0,5	0,5	0,5	0,5	1	2	2
	Барлығы	19,5	24	26	26	28,5	28,5	31,5	32,5	34	34	34
2023-2024	Инвариантты	18,5	22	25	25	28	28	31	32	33	32	32
	Вариативтік	1	2	1	1	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	3

	Барлығы	19,5	24	26	26	28,5	28,5	31,5	32,5	34	35	35
2024-2025	Инвариантты	17,5	21	24	24	28	28	31	32	33	32	32
	Вариативтік	2	3	2	2	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	3
	Барлығы	19,5	24	26	26	28,5	28,5	31,5	32,5	34	35	35

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар;

1) Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

Өзін-өзі бағалау нәтижелері:

Оқу бағдарламаларының базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген.

Мектеп директорының бұйрығымен 1-сыныпқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, оқушылар жинақталған. 2022-2023 оқу жылына 1-сыныпқа 10 оқушы; 2023-2024 оқу жылына 1-сыныпқа 14 оқушы, 2024-2025 оқу жылына 1-сыныпқа 8 оқушы қабылданған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар, жинақталған. Мектептен құқыққа қарсы әрекет еткені жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Оқу жылында мектеп директорының бұйрығымен 1-сыныпқа оқушылар қабылданып, 11-сыныптан шығарылған. Білім беру ұйымының аумағында тұратын барлық балалар қабылданған, сынып жинағы қалыптастырылған. 2022-2023 оқу жылында 12 сынып жинағы, 2023-2024 оқу жылында 11 сынып жинағы 2024-2025 оқу жылында 11 сынып жинағы қалыптастырылған. Бастауыш білім берудің деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл, Негізгі орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл, Жалпы орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – екі жыл.

2) Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау;

Өзін-өзі бағалау нәтижелері:

Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген. 2022-2023 оқу жылы 1 қыркүйекте басталып 31 мамырда аяқталған. Оқу жылы 1-сыныпта – 35 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 36 оқу аптасын, 5-9-сыныптарда 36 оқу аптасын 10-11-сыныптарда 36 оқу аптасын құрады. Ағымдағы оқу жылы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-9-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. 2022-2023 оқу жылы бойынша педагогикалық кеңесте сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығы және оқу жылындағы каникул уақыты қаралып, хаттамаланған.

Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

2022-2023 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек; 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-9 сыныптарда – 36 оқу аптасы; Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 сыныптарда: күзгі – 7 күн (31 қазан – 6 қараша), қысқы – 9 күн (31 желтоқсан- 8 қаңтар), көктемгі-9 күн (18-26 наурыз); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (6-12 ақпан). 2-11 сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут берілген.

2023-2024 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек; 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы; Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 сыныптарда: күзгі

– 7 күн (30 қазан – 5 қараша), қысқы – 10 күн (29 желтоқсан- 7 қаңтар),көктемгі-11 күн (21-31 наурыз); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (5-11 ақпан). 2-11 сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут берілген.

2024-2025 Күзгі каникул – 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап – 3 қарашаны қоса алғанда); Қысқы каникул – 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);Көктемгі каникул – 11 күн (2025 жылғы 21 наурыздан бастап – 31 наурызда қоса алғанда); 1-сыныптарда: қосымша каникул-7 күн (2025 жылғы 10 ақпаннан бастап 16 ақпанды қоса алғанда). Барлық сыныптарда оқу жылының ұзақтығы мен оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығының талаптары сақталған. 2-11 сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут берілген.

5. Оқу материалдық активтер:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрә біліктілік талаптары) сақтау:

Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының анализі мектептің қажетті оқу-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді, мектепте мамандар есебі жүргізіледі. Мұғалімдердің жеке істері, еңбек және санитарлық кітапшалары талаптарға сәйкес. Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамның талдауы мектепте қажетті оқу-педагогикалық потенциалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылы	Барлық мұғалімдер саны	Жоғары біліктілік санаты	%	Бірінші біліктілік	%	Екінші біліктілік санаты	%	Педагог-шебер	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	педагог	%
2022-2023	9	-		-		-		-		-		4	44	3	33	2	22
2023-2024	6	-		-		-		-		-		3	50	1	17	2	33
2024-2025	6	-		-		-		-		-		4	67	1	17	1	17

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі **2022-2023 оқу жылында 44%, 2023-2024 оқу жылында 50 % , 2024-2025 оқу жылында 67%**

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылы	Барлық мұғалімдер	Жоғары біліктілік	%	Бірінші біліктілік	%	Екінші біліктілік	%	Педагог-психолог	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	педагог	%
2022-2023	21	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	9	42,85	6	28,57	6	28,57
2023-2024	22	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	9	40,90	5	22,72	6	27,27
2024-2025	21	-	-	-	-	-	-	-	-	1	-	7	38,09	11	52,38	2	9,52

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-психологтердің үлесі **2022-2023 оқу жылында 42,85%, 2023-2024 оқу жылында 40,90% , 2024-2025 оқу жылында 38,09%**

Педагог кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер саны (2022 -2024 оқу жылы)

Оқу жылы	Курстан өткен педагогтар	Менеджмент	Жаңартылған білім беру	Құзиреттілік	Бағалау, жоспарлау, PISA, TIMMS	Инклюзивті оқыту	Цифрлық құзырлылық
2022-2023	12	1	7	1	5	2	2
2023-2024	17	3	3	2	8	10	21
2024-2025	14			1		15	

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор: Мектеп бойынша оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қоры туралы мәлімет 12 қосымшаға сәйкес сайтқа жүктелді. Мектеп бойынша компьютерлік сынып саны 1 , 13 компьютермен жабдықталған . Интернет желісіне локалдық желімен қамтылған.

7. Білім алушылардың білімін бағалау:

2022-2023 оқу жылында негізгі орта білім деңгейіндегі оқыту курсы үшін қорытынды аттестаттау 9-сыныптар үшін міндетті пәндер қазақ тілі пәнінен жазбаша (эссе) , орыс тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша (мәтінмен жұмыс , мәтін бойынша тапсырмалар орындау) ,математика (алгебра) жазбаша (бақылау жұмысы) және қазақ әдебиеті пәндерінен жүргізілген. Қорытынды аттестаттау хаттамалары талапқа сәйкес толтырылған,оқушылардың емтихан жұмысын алған балдары бағалау шәкіліне сәйкес емтихан бағасына ауыстырылған, бағалау нормасы сақталған. Жыл қорытындысында 1 оқушы «Үздік аттестат» иеленген.

11-сыныптар үшін жалпы орта білім беру деңгейінде оқыту курсы қорытынды аттестаттау міндетті пәндер: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша (эссе) , алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша (бақылау) , қазақстан тарихы пәнінен ауызша, орыс тілі пәнінен жазбаша және қазақ әдебиеті,физика жазбаша түрде өткізілген. Қорытынды аттестаттау хаттамалары талапқа сәйкес толтырылған, оқушылардың емтихан жұмысын алған балдары бағалау шәкіліне сәйкес емтихан бағасына ауыстырылған, бағалау нормасы сақталған. (білім алушыларды қорытынды аттестаттауды хаттамаларының көшірмелері)

2023-2024 оқу жылында негізгі орта білім деңгейіндегі оқыту курсы үшін қорытынды аттестаттау 9-сыныптар үшін міндетті пәндер қазақ тілі пәнінен жазбаша (эссе) , орыс тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша (мәтінмен жұмыс , мәтін бойынша тапсырмалар орындау) ,

математика (алгебра) жазбаша (бақылау жұмысы) және қазақ әдебиеті пәндерінен жүргізілген. Қорытынды аттестаттау хаттамалары талапқа сәйкес толтырылған, оқушылардың емтихан жұмысын алған балдары бағалау шәкіліне сәйкес емтихан бағасына ауыстырылған, бағалау нормасы сақталған.

11-сыныптар үшін жалпы орта білім беру деңгейінде оқыту курсы қорытынды аттестаттау міндетті пәндер: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жазбаша (эссе), алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша (бақылау), қазақстан тарихы пәнінен ауызша, орыс тілі пәнінен жазбаша және география, физика жазбаша түрде өткізілген. Қорытынды аттестаттау хаттамалары талапқа сәйкес толтырылған, оқушылардың емтихан жұмысын алған балдары бағалау шәкіліне сәйкес емтихан бағасына ауыстырылған, бағалау нормасы сақталған. Жыл қорытындысында 1 оқушы «Үздік аттестат» иеленген. (білім алушыларды қорытынды аттестаттауды хаттамаларының көшірмелері)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған:

- 1) оқыту мақсаттары оқу бағдарламасына сәйкес, пәндер бойынша оқыту курсы кезінде білу, түсіну және дағдыларға қолжеткізу бойынша күтілетін нәтижелерді қалыптастыруға бағытталған жұмыстар үйлестірілген.
- 2) білім алушылардың оқу жетістіктерін оқу процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі нақты айқындалған өлшемшарттарымен, білім берудің тиісті мақсаттары және мазмұнымен сәйкес келеді.
- 3) қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім мен білім алушыға оқу мақсатына жеткенін тануға мүмкіндік беретін тұжырымдар (табыс өлшем шарттары), жиынтық бағалау кезінде білім алушы жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалауға мүмкіндік беретін тұжырымдар (балдарды қою өлшем шарттары) сақталған.
- 4) сабақта немесе үйдегі күнделікті жұмыс барысында білім алушылардың ағымдағы игерген білімдері мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын және оқыту барысында білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағаны мен оқыту мақсаттарына жеткендігін түсінуге мүмкіндік беретін қалыптастырушы бағалау жүргізілген.
- 5) оқу тоқсанның аяғында оқу бағдарламаларының бөлімдерін оқып аяқтауы бойынша білім алушылардың білімді меңгеруі мен дағдыларының қалыптасуы деңгейін айқындайтын жиынтық бағалау жүргізілген.
- 6) оқу жылының соңында қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін қоса алғанда пайыздық арақатынаста білім алушыларға қойылатын баға ретінде жылдық бақылау алынған.
- 7) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау нәтижелерін қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін тіркейтін, тоқсандық және жылдық бағаларды автоматты есептеуді жүзеге асыратын тіркеу журналы іске асырылған.

2022-2023 оқу жылында 1-11- сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алып келеді. Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына 1-қосымша «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу

бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 12.05.2022 ж. № 193) 2-тарау 3- тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 4-тармағы «Формативтік бағалау, оның ішінде үй жұмысын бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жеткізуіне мониторинг жүргізу және сабақта сараланған жұмысты одан әр құру үшін жүргізіледі мен педагогтің ұсыныстары арқылы жазбаша нысанда (дәптерлерде немесе күнделіктерде) немесе ауызша жүзеге асырылады делінген.

2022-2023 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілді.

1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығының 7 –тармағына сәйкес бағаланған жоқ.

2023-2024 оқу жылында да 1-11- сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алып келеді.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына 1-қосымша « Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 12.05.2022 ж. № 193) 2-тарау 3- тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 4-тармағы «Формативтік бағалау, оның ішінде үй жұмысын бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жеткізуіне мониторинг жүргізу және сабақта сараланған жұмысты одан әр құру үшін жүргізіледі мен педагогтің ұсыныстары арқылы жазбаша нысанда (дәптерлерде немесе күнделіктерде) немесе ауызша жүзеге асырылады делінген.

2023-2024 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілді. 1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығының 7 –тармағына сәйкес бағаланған жоқ.

2024-2025 оқу жылында қыркүйек, қазан, айлары тексерілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Мұғалімдердің пән бойынша ТЖБ кестелері жасақталып, сол кесте бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін

қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған. Мектеп директорымен бекітілген модерация отырысының мүшелер тізімі жасалған.

2022-2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстар туралы анықтама

Дефектолог жұмысының мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі балаларға уақытылы көмек көрсету. Оқушылардың дүниетанымдық деңгейін байыту, қоршаған орта құбылыстары мен заттар туралы түсініктерін қалыптастыру. Көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдануы жайында ата-аналармен байланыста болу.

2022-2023 оқу жылының барысында ПМПК нәтижесі бойынша №69 орта білім беретін мектебінде дефектолог маманның бақылауына Зоқушы алынды. Соматикалық сырқат түрін қосқанда 4 оқушы. Оның ішінде үйден білім алатын 2 оқушы. Бастауыш сынып оқушылары: Нұрлымбекұлы Ермұрат 3 сынып оқушысы, үйден оқитын оқушы.

Талапбаев Рамазан 2 сынып оқушысы.

Жоғары сынып оқушылары:

Қойшанова Еркеназ 7 сынып оқушысы, үйден оқитын оқушы.

Махамбетова Ақбота 8 сынып оқушысы.

Оқушылармен жұмыстануда жеке диагностикалық жеке жұмыстар өткізу үшін сабақ кестесі құрылды. Дефектологтың циклограммасы жасалып, бекітілді. Әр оқушыға жеке диагностикалық сабақтар мен топтық жоспарлар құрылды.

Балалардың жасын, даму деңгейін ескере отырып, жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жоспар құрылып, сабақ кестесі жасақталды. Қажетті көрнекі құралдар анықталып, дайындалды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға бір-бірімен қарым-қатынасындағы қиыншылықтарды түзету және сауықтыру арқылы қолдау жасалып, көмек көрсетілді.

2022-2023 оқу жылының жылдық бойынша түзету-дамыту жұмыстары бағдарламаның төмендегі бөлімдері бойынша атқарылды:

- 1.Қарапайым сандық есептеуді қалыптастыру
- 2.Қоршаған айналаны тану
- 3.Тіл дамыту
- 4.Ойын арқылы дамыту
- 5.Нейрогимнастика
- 6.Ұсақ қол моторикасын дамыту
- 7.Сенсорлы қабылдауын және кеңістікте бағдарлауын дамыту
- 8.Математикалық түсініктерін қалыптастыру
- 9.Көріп қабылдауын, затты танып білуін дамыту;

Жоғарыда көрсетілген оқушылардың сабақтарына, тәрбие сағаттарына қатысып отырамын.

2022 жылдың қазан айында үйден оқитын оқушыларға мен мектеп партасындағы оқушыларға арналған «Ұсақ моториканы дамыту» тақырыбында түзету дамыту топтық сабағы өкізілді. Сабақта оқушыларға ұсақ моторикаға арналған жаттығулар жасалып, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту жұмыстары жүргізілді. Қараша айында мектеп психологы мен бірігіп «Ашық алаң» ұйымдастырылды. Онда арнайы мамандармен

тәжірибе алмастырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Психологиялық педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес 2022 жылдың желтоқсан айында жаңа жылдық мереке қарсаңында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен үйден білім алатын оқушы мектепішілік іс шараларға қатыстырылды. 2023 жылдың наурыз айында "Инклюзивті білім берудің құндылықтары» тақырыбында арнайы маман Абибуллаева Г. дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелге ерекше білімді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері мен мектеп психологы қатыстырылды. Дөңгелек үстел барысында арнайы маман қысқаша баяндама оқып, әрі қарай тақырып аясында мұғалімдер өздерінің өз ойларымен бөлісіп пікірлесуге ұласты. «Ерекше білім берудегі ерекшеліктері» тақырыбында, оқытуда пайдаланатын әдіс тәсілдер көрсету мақсатында, бастауыш пән мұғалімдеріне жұмыс өткізді. Баланың дамуына ата-ана тарапынан берілетін көмек пен қолдауды, баланың оқыту жағдайын жақсарту басты болашақ жұмыстарымыздың бірі деп есептеймін. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзету арқылы қолдау, сол балалардың дамып-жетілуіне көмектесіп, жан-жақты қолдау жасай отырып, ішкі әлеуметтің қалыптасуына жағдай жасап және дамуына кедергі жасаушы ауытқуларды жеңуге көмектесудемін.

2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстар туралы анықтама

Дефектолог жұмысының мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі балаларға уақытылы көмек көрсету. Оқушылардың дүниетанымдық деңгейін байыту, қоршаған орта құбылыстары мен заттар туралы түсініктерін қалыптастыру. Көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдануы жайында ата-аналармен байланыста болу.

2023-2024 оқу жылының барысында ПМПК нәтижесі бойынша №69 орта білім беретін мектебінде дефектолог маманның бақылауына 3 оқушы алынды. Оның ішінде үйден білім алатын 2 оқушы, соматикалық сырқатпен 1 оқушы.

Бастауыш сынып оқушылары:

1. Нұрлымбекұлы Ермұрат 4 сынып оқушысы, зияттың жеңіл түрдегі зақымдалуы, үйден білім алатын оқушы.
2. Талапбаев Рамазан 3 сынып оқушысы. Соматикалық сырқат түрі.

Жоғары сынып оқушылары:

1. Қойшанова Еркеназ 8 сынып оқушысы, зияттың жеңіл түрдегі зақымдалуы, үйден білім алатын оқушы.

Оқу жылының басында, жылдық жұмыс жоспар дайындалды. Мұғалімдер мен және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарға жылдық жоспар құрылып, кеңес беру журналдары арналып бекітілді. Әр балаға жеке диагностика жасалды. Оқушылармен жұмыстануда жеке диагностикалық жеке жұмыстар өткізу үшін сабақ кестесі құрылды. Дефектологтың циклограммасы жасалып, бекітілді. Диагностикалық және дидактикалық материалдардың картотекасы, әдістемелік құралдардың картотекасы, оқушының сабақтағы іс әрекетін бақылау формалары толтырылды. Өмірге бейім болу үшін түстерді айыра білу, жыл мезгілдерін, оң мен солды, өз мекен-жайын, ата-анасының қайда жұмыс істейтінін, таза мен ласты айыра білу үйретілді. Бұл оқушылардың деңгейіне қарай жеке тапсырмалар берілді. Суреттермен жұмыс, логикалық тапсырмалар берілді.

Балалардың жасын, даму деңгейін ескере отырып, жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жоспар құрылып, сабақ кестесі жасақталды. Қажетті көрнекі құралдар анықталып, дайындалды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға бір-бірімен қарым – қатынасындағы қиыншылықтарды түзету және сауықтыру арқылы қолдау жасалып, көмек көрсетілді. ПМПК ұсынысы бойынша даму ерекшеліктеріне байланысты балаларға түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Мектепте тіркелген мүмкіндігі шектеулі балалардың пән мұғалімдеріне түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастыруға, сабақ өткізуге әдістемелік көмек көрсетіліп, кеңес берілді. Оқу жылының басында яғни 11.09.-22.09.2023 жыл аралағында «Орта білім беру жүйесінде түзету жұмыстарын жетілдіру бойынша арнайы педагогтың (дефектолог-мұғалімнің) кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында 80 академиялық сағат көлемінде курстан өттім.

Қараша айында ауданымызда облыстық семинар болып өтті. Арал ауданы білім бөлімі «Инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың психологиялық-педагогикалық қолдаудың рөлі» тақырыбында облыстық семинарда ата-аналармен жұмыс тренингін өткізіп марапатталдым. Психологиялық педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес 2023 жылдың желтоқсан айында жаңа жылдық мереке қарсаңында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен үйден білім алатын оқушы мектепшілік іс шараларға қатыстырылды. Қаңтар айында сынып жетекшісінің ұсынысы бойынша үлгерімі төмен 3 оқушы қабылданды.

1.Талапбаев Нұрәли-1-сынып оқушысы

2.Жолдасұлы Айдидар-2-сынып оқушысы

3.Мақсатұлы Ерсұлтан-3-сынып оқушысы

Бұл оқушылар негізгі пәндер бойынша оқытуда қиындық тудырып отыр. Диагностика жүргізіп, соның нәтижесі бойынша түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда оқу жылының басына қарағанда едәуір жақсарды. Оқу жылының басында әріптерді танымайтын болса, қазіргі таңда әріптерді танып, буындап оқи алады, сандарды санай біледі. Келесі оқу жылында әлі де арнайы мамандардың көмегін қажет етеді. Психологиялық педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес 2024 жылдың сәуір айында арнайы мамандардың ұйымдастыруымен «Ғажайып алаң» атты апталығы өткізілді. Апталық барысында мектептің ЕБҚЕ оқушыларға сабақ беретін мұғалімдер мен сынып жетекшілерге «Инклюзивті білім берудің міндеттері мен әдіс тәсілдері» тақырыбында әдістемелік сабақ өткізілді. Ерекше білімді қажет ететін оқушының жан дүниесін кішкенеде болса түсіну үшін көздерін байлап, құрастырмақ жинап, құлапқаппен ерін арқылы сөзді тауып, шпатель көмегімен сөйлеуді қиындатып, айтылған мақалды тауып ерекше әсерде болды. Оларға жұмыс жасау осыншалықты қиын екеніне көңілдері құлазыды. Арнайы маман сабақтарда қолданылатын «Танграм» әдісі, «Есінде сақта», «графикалық диктант», «математикалық боямақ», «Тарсия» әдіс тәсілдерді көрсетіп, әдістемелік құрал ұсынды. Әдістерді мұғалімдерге қалай жүргізілу керек екенін көрсетіп, мұғалімдерге тапсырмаларды орындатып мұғалімдердің қызғушылығын оятты. 2024 жылдың мамыр айында «Екі жұлдыз» байқауы ұйымдастырылып, 8 сынып оқушысы Қойшанова (зияттың жеңіл түрдегі зақымдалуы, үйден оқу) қатыстырдым. Нәтижесінді:

1 маусым-Халықаралық балалар күніне орай ұйымдастырылған «Екі жұлдыз» өнер фестиваліне қатысқаны үшін Қойшанова Еркеназ қол өнер бйқауынан «Алғыс хатпен» марапатталды.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық –педагогикалық түзету арқылы қолдау, сол балалардың дамып-жетілуіне көмектесіп, жан-жақты қолдау жасай отырып, ішкі әлеуметтің қалыптасуына жағдай жасап және дамуына кедергі жасаушы ауытқуларды жеңуге көмектесудемін. Сондықтан баланың дамуына ата-ана тарапынан берілетін көмек пен қолдауды, баланың оқыту жағдайын жақсарту басты болашақ жұмыстарымыздың бірі деп есептеймін.

2024-2025 оқу жылында жүргізілген жұмыстар туралы анықтама

Дефектолог жұмысының мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі балаларға уақытылы көмек көрсету. Оқушылардың дүниетанымдық деңгейін байыту, қоршаған орта құбылыстары мен заттар туралы түсініктерін қалыптастыру. Көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдануы жайында ата-аналармен байланыста болу.

2024-2025 оқу жылының барысында ПМПК нәтижесі бойынша №69 орта білім беретін мектебінде дефектолог маманның бақылауына 2оқушы алынды. Оның ішінде үйден білім алатын 2 оқушы:

Жоғары сынып оқушылары:

1. Нұрлымбекұлы Ермұрат 5сынып оқушысы, зияттың орташа түрдегі зақымдалуы, үйден білім алатын оқушы.

2. Қойшанова Еркеназ 9 сынып оқушысы, зияттың жеңіл түрдегі зақымдалуы, үйден білім алатын оқушы.

Оқу жылының басында, Жылдық жұмыс жоспар дайындалды. Мұғалімдер мен және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарға жылдық жоспар құрылып, кеңес беру журналдары арналып бекітілді. Үйден оқитын оқушыларға күнтізбелік жоспар құрылды. Диагностикалық және дидактикалық материалдардың картотекасы, әдістемелік құралдардың картотекасы, оқушының сабақтағы іс әрекетін бақылау формалары толтырылды. Әр балаға жеке диагностика жасалды. Оқушылармен жұмыстануда жеке диагностикалық жеке жұмыстар өткізу үшін сабақ кестесі құрылды. Дефектологтың циклограммасы жасалып, бекітілді. Әр оқушыға жеке диагностикалық сабақтар құрылды. Балалардың жасын, даму деңгейін ескере отырып, жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жоспар құрылып, сабақ кестесі жасақталды. Қажетті көрнекі құралдар анықталып, дайындалды. 2024 жылдың қыркүйек айында Мүмкіндігі шектеулі балаларға бір-бірімен қарым – қатынасындағы қиыншылықтарды түзету және сауықтыру арқылы қолдау жасалып, көмек көрсетілді. ПМПК ұсынысы бойынша даму ерекшеліктеріне байланысты балаларға түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Мектепте тіркелген мүмкіндігі шектеулі балалардың пән мұғалімдеріне түзету-дамыту сабақтарын ұйымдастыруға, сабақ өткізуге әдістемелік көмек көрсетіліп, кеңес берілді. Қазан айында Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылып, психологиялық-педагогикалық кеңес берілді. Түзету-дамыту блогынан мектеп психологі мен әлеуметтік педагогтың көмектері көрсетіліп отырады.

2024 жылдың қазан айында сынып жетекшінің ұсынысы бойынша үлгерімі төмен 3 оқушы қабылданды.

Шалғынбай Д-1-сынып оқушысы

Талапбаев Н-2-сынып оқушысы

Талапбаев Р-4-сынып оқушысы

Бұл оқушылар негізгі пәндер бойынша оқытуда қиындық тудырып отыр. Диагностика жүргізіп, соның нәтижесі бойынша түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. Арнайы маман сабақтарда қолданылатын «Танграм» әдісі, «Есінде сақта», «Графикалық диктант», «Математикалық боямақ», «Тарсия» әдіс тәсілдерді қолданылды.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзету арқылы қолдау, сол балалардың дамып-жетілуіне көмектесіп, жан-жақты қолдау жасай отырып, ішкі әлеуметтің қалыптасуына жағдай жасап және дамуына кедергі жасаушы ауытқуларды жеңуге көмектесудемін. Сондықтан баланың дамуына ата-ана тарапынан берілетін көмек пен қолдауды, баланың оқыту жағдайын жақсарту басты болашақ жұмыстарымыздың бірі деп есептеймін.

Педагогикалық ұжым – бір жақты ойлайтын, шығармашылық тұлғалар біріккен, өз ісін білетін мамандар тобы. Біз тәрбиеленушілеріміздің даму кемшіліктерін кешенді түзетуге, олардың компенсаторлық даму механизмдерін қалыптастыруға, біздің педагогтар тарапынан білікті көмек алуға жағдай жасаймыз. Біз әр оқушымыздың жетістігіне қуанамыз!

Білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау бағытында білім беру деңгейлерін бітіруші 4, 9-сыныптардан тестілеу кесінділері алынды. Компьютерлік тестілеу онлайн түрінде өткізілді. Материалдарды зерделеу барысында 4-сыныпта 100%, 9-сыныпта 100%, барлығы 100% қатысқан. Тесттік бақылауға оқыту нәтижелерін бағалауға жататын барлық тиісті бір білім деңгейі бойынша контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың қатысуы 100 %, яғни сәйкес келеді. Тестілеу нәтижесі бойынша сапа көрсеткіші 4-сыныпта 76,92%, 9-сыныпта 100% көрсетіп отыр.

Бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері (кесінділері)

№	сынып	журнал бойынша оқушылар саны	қатысқан оқушылардың нақты саны	"5" баға алған саны	"4" баға алған саны	"3" баға алған саны	"2" баға алған саны	орташа балл	оң бағалар %
1	4	13	13	1	4	5	3	17	76,92
2	9	11	11	0	3	8	0	33,63	100
Барлығы		24	24	1	7	13	3	28,14	87,5

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы:

Білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижесі
4 сынып бойынша

№	Респонденттер	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Оқушылар	69%	18%	10%	2%
2	Ата-аналар	65%	29%	1%	5%
3	Педагог	68%	30%	1%	10%

9 сынып бойынша

№	Респонденттер	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Оқушылар	68%	22%	10%	0%
2	Ата-аналар	73%	27%	0,50%	0%
3	Педагог	62%	32%	6%	0%

МАД тәрбиеші

№	Респонденттер	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Тәрбиешілер	58%	37%	5%	0%
2	Ата-аналар	63%	36%	1%	0%

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:

- 1) жаңа модификацияланған кабинеттердің (физика, география) болмауы;
- 2) ағылшын тілін үйренуге лингафон кабинеттерінің болмауы;
- 3) заманауи талаптарға сәйкес оқушылардың, тәрбиеленушілердің жұмыс жасауына қажетті интерактивті тақта, проекторлардың сапасыздығы;

Шешу жолдары:

- 1) Мектеп бюджетін қаржымен толыққанды қамтамасыз ету;
- 2) Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» сәйкес қажетті жабдықтармен және жиһаздармен қамтамасыз ету;

10. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерін қорытындысы

Оқу-тәрбие үрдісінің ағымдағы жағдайын жан-жақты сараптаған кезде төмендегідей қорытынды жасалды:

1. Мектеп педагогтарының кәсіби деңгейін және білім сапасын көтеруге бағытталған педагогикалық қызмет жүргізуге жағдайлар жасалған;

2. Мектептің даму бағдарламасына сәйкес орындалуға тиіс мақсат пен міндеттері жүзеге асыру кезеңі бойынша жүргізіліп келеді;
3. Оқушылардың Отансүйгіштік, ұлтжандылылық, азаматтық рухани құндылықтары қалыптастырылған;
4. Оқушылардың жеке тұлға ретінде тәрбиеленуіне, қалыптасуына, олардың бейімділігінің қызығушылуы мен қабілеттерінің дамуына жағдай тұғызылған;
5. Өзін-өзі басқару жұмысы жолға қойылған;
6. Аудандық, облыстық, республикалық көлемде өткізілген әр түрлі байқауларда ұстаздарымыз мен шәкірттеріміз жеңімпаз атанып келеді.

Аттестаттау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры: А.Н.Алиев

Комиссия мүшелері: 1) Жанназаров М.К - оқу ісі жөніндегі орынбасары;
2) Маханова Г.С - оқу ісі жөніндегі орынбасары ;
3) Дүйшембиев А.Ш-бейіндік ісі жөніндегі орынбасары;
4) Аманбаева П.А – педагог-психолог;

Хатшы: Абибуллаева Г.А